

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Бекітемін:

ТОО «Венера» бөбекжайы

директоры _____ В.Б.Джуламанова

2024-2025 оқу жылына арналған педагог - психолог
қызметінің жұмыс жоспары

Педагог - психолог: Г.Т.Омарғалиева

**2024-2025 оқу жылына арналған педагог - психолог
қызметінің жұмыс жоспары**

Мақсаты: Бөбекжайдағы балалардың физиологиялық және психологиялық саулығын қорғау, әр баланың қабілетінің еркін және тиімді дамуына эмоционалдық үйлесімділікті қамтамасыз ету мен психикалық дамуына жағдай жасау.

Міндеті:

1. Балалардың жеке ерекшеліктеріне диагностика, олардың қызығушылықтары мен қабілеттіліктерін айқындау.
2. Баланың жеке тұлғасы дамуындағы мүмкін болатын жағымсыз факторларды аңғару, оларды өз уақытында жою.
3. Әлеуметтену проблеммаларын шешуде ата - аналарымен, педагогтармен, тәрбиешілермен, құрдастарымен оңды жеке тұлғааралық қатынастарды қалыптастыруға көмектесу.
4. Оқу - тәрбие үрдісіне психологиялық талдау жасау және оның сапасын арттыру жөнінде негізделген іс - тәжірибелік ұсынымдар жасау.
5. Психологиялық проблемаларды шешуде ата - аналармен педагогтарға көмек көрсету.
6. Педагогтар мен ата - аналардың арасында психологиялық сауаттылықты насихаттау.

Күтілетін нәтиже:

Балалар толыққанды табиғи психикалық тұрғыдан дамиды. Дені сау, салауатты өмір салтын ұстанатын, ақыл - ойы кеңейген, шығармашылық қабілеті ұшталған, танымдық қабілеті жас ерекшелігіне сай, жан - жақты дамыған жеке тұлға.

Зерттелуші нысанасы: бобекжай тәрбиеленушілері			
№	Жұмыс мазмұны	Жұмыстың түрі	Мерзімдері
Психодиагностика			
	Мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сай таным үрдістерін анықтау.	Таным процестерін анықтауға байланысты әдістемелер (Немов Р.С. Таным үрдістерін зерттеу диагностикасы Зайцева О.Н. Таным үрдістерін зерттеу дамыту диагностикасы)	Қазан, мамыр
	Баланың мектепке дайындығын анықтау	Керн - Ирасек «Баланың мектепке дайындығын анықтау» тесті Тестілік әңгімелесу С.А.Банков бойынша	Сәуір
Психопрофилактика			
	«Менің танымдық әлемім»	Балалардың танымдық үдерістерін дамыту. Жалпы моторикасын дамыту.	Қараша
	«Қош келдің Жаңа Жыл» мерекелік шараға дайындық жұмысы	Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындық, тәрбиеленушілердің мерекелік көңіл - күйлерін көтеру.	Желтоқсан
	«Біз еңбекқор достармыз» тренингі	Балалардың ой өрісін кеңейту, ұжым ішінде бір - бірімен қарым - қатынасқа түсіп, қарым - қатынастық байланыстарын дамыту.	Сәуір
Психологиялық - түзету дамыту			
	Мазасыз балалармен жұмыс	Тапсырмалар, жаттығулар, ойындар	Қажетілігіне қарай
	Топтағы агрессивті балалармен жұмыс	Ойындар, тапсырмалар, тренингтер	Қажетілігіне қарай
Бейімделу			
Мақсаты: тұлғаның жаңа ортаға бейімделуіне көмектесу - балабақшаға алғаш келген кезде балабақшаға үйренуі, күн тәртібіне бейімделуі, сонымен қатар ата - анасына да балабақша өмірін таныстыра отырып, психологиялық көмек көрсету.			
	Балабақшаға жаңадан келген балалардың мәліметтерімен танысу, бақылау парағын толтыру.	Бақылау парағы	Жыл бойы
	Жас ерекшеліктеріне байланысты ата - аналар жиналыстарында баяндамалар, сауалнама дайындау	«Баланың балабақшаға бейімделуі»	Қажетіне қарай

Ойын-жаттығу, тренингтер	Жаңадан келген балаларға бөбекжайға сәтті бейімделуге жағдай туғызу	Қажетіне қарай
Зерттелуші нысанасы: бөбекжай педагогтары мен тәрбиешілері		
№	Жұмыс мазмұны	Мерзімдері
Психодиагностика		
1	«Суреттен нені байқадыңыз?» тест	Қазан
2	Сауалнама: «Ұжымдағы қарым - қатынасты анықтау»	Қараша
3	«Тәрбиеші мен бала арасындағы байланыс» сауалнама	Желтоқсан
4	«Педагогтардың дамуға қабілеттілігін айқындау »	Ақпан
5	Қарым-қатынасқа түсудің деңгейін бағалау (В.Ф. Ряховскийдің тесті)	Сәуір
Кеңес беру және психоәрттушылық шаралар		
6	«Сенім менің серігім» тренингі	Қазан
7	«Балабақшадағы ойынның педагогикалық маңызы» кеңес	Қараша
8	«Отбасы баланың көзімен» кеңес	Желтоқсан
9	«Көтеріңкі көңіл-күй жанға қуат береді» тренинг	Ақпан
10	«Мектеп жасына дейінгі балалар мен психодиагностикалық жұмыстарының негізгі принциптері» кеңес	Наурыз
11	«Эмоция әлемі» тренинг	Мамыр
12	Сұрау бойынша жеке кеңес беру	Жыл бойы
Зерттелуші нысанасы: бөбекжай тәрбиеленушілерінің ата- аналары		
№	Жұмыс мазмұны	Мерзімдері
Психодиагностика		
1	« Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?» сауалнама	Қыркүйек
2	«Тәрбиеші жұмысына қандай баға бересіз?»	Қараша
3	«Балаңызбен қарым- қатынасыңыз қалай?»	Желтоқсан
4	«Сіздің ойыңызша, балабақшада балаңызда бәрі сәтті ме?»	Ақпан
5	«Сіздің өміріңізде бала тәрбиесі қандай орынға ие?» сауалнама	Сәуір
Кеңес беру және психоәрттушылық шаралар		
6	«Балабақшаға дайындық» кеңес	Қыркүйек
7	«Кел, танысайық» тренинг	Қазан
8	«Жанұя бақыты»	Қараша
9	«Балаларға қандай ойыншықтар керек?» кеңес	Желтоқсан
10	«Баланы түсіну және қабылдау» кеңес	Қаңтар
11	«Шаттыққа толы жүрекпен» тренинг	Ақпан
12	«Ата-ананың алақаны- балаға саялы бақ»тренинг	Сәуір
13	Сұрау бойынша жеке кеңес беру	Жыл бойы

Тесттік әңгімелесу С.А.Банков бойынша

Жүргізілген уақыты: мамыр, 2025жыл

Мақсаты: Психосолеуметтік - жетілгендік деңгейін анықтау.

Тобы: «Тұлпар» ересек тобы

№	Баланың аты- жөні	Мектеби- жетілген	Орташа- жетілген	Жетілмеген
1	Жақсығұл А.Т.	+		

2	Мазимов А.Д.	+		
3	Рахматуллина А.А.	+		
4	Даерханов Э.Н.	+		
5	Закариянов А.Д.	+		
6	Серікбай С.Қ.	+		
7	Жұмағали Ш.Н.		+	
8	Сайлау С.Р.		+	
9	Азаматқызы А.	+		
10	Азаматұлы А.	+		
11	Бисенбай А.Е.	+		
12	Шагнетдинов Р.Н.	+		
13	Ғайса Р.Р.	+		
14	Ғатау Ә.А.	+		

Қорытынды:

Мектеби- жетілген: 80%

Орташа: 20%

Кері- Ирасек тестісі бойынша мектептік -жетілгендікті анықтау.

Жүргізілген уақыты: қыркүйек, 2024 жыл

Мақсаты: Психоәлеуметтік жетілгендік деңгейіп анықтау.

Тобы: «Тұлпар» ересек тобы

№	Баланың аты- жөні	Мектеби- жетілген	Орташа- жетілген	Жетілмеген
1	Жақсығұл А.Т.	+		

2	Мазимов А.Д.	+		
3	Рахматуллина А.А.	+		
4	Даерханов Э.Н.		+	
5	Закариянов А.Д.		+	
6	Серікбай С.Қ.		+	
7	Жұмағали Ш.Н.		+	
8	Сайлау С.Р.		+	
9	Азаматқызы А.		+	
10	Азаматұлы А.		+	
11	Бисенбай А.Е.		+	
12	Шагнетдинов Р.Н.		+	
13	Ғайса Р.Р.	+		
14	Ғатау Ә.А.		+	

Қорытынды:

Мектеби- жетілген: 28%

Орташа- жетілген: 72%

Кері- Ирасек тестісі бойынша мектептік -жетілгендікті анықтау.

Жүргізілген уақыты: мамыр, 2025жыл

Мақсаты: Психоәлеуметтік жетілгендік деңгейіп анықтау.

Тобы: «Тұлпар» ересек тобы

№	Баланың аты- жөні	Мектеби- жетілген	Орташа- жетілген	Жетілмеген
---	-------------------	----------------------	---------------------	------------

1	Жақсығұл А.Т.	+		
2	Мазимов А.Д.	+		
3	Рахматуллина А.А.	+		
4	Даерханов Э.Н.	+		
5	Закариянов А.Д.	+		
6	Серікбай С.Қ.	+		
7	Жұмағали Ш.Н.		+	
8	Сайлау С.Р.		+	
9	Азаматқызы А.	+		
10	Азаматұлы А.	+		
11	Бисенбай А.Е.	+		
12	Шагнетдинов Р.Н.	+		
13	Ғайса Р.Р.	+		
14	Ғатау Ә.А.	+		

Қорытынды:

Мектеби- жетілген: 80%

Орташа- жетілген: 20%

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

«Менің танымдық әлемім»
(ойын-тренинг)

Дайындаған: педагог психолог Г.Т.Омарғалиева

2024-2025 оқу жылы

«Менің танымдық әлемім»

Уақыты: қараша

Мақсаты: Балалардың танымдық үдерістерін дамыту. Жалпы моторикасын дамыту.

Міндеттері:

1. Бала танымын ашу, дамыту.
2. Балаларды жан – жақты тәрбиелеуді дамыту.
3. Мейрімділікке тәрбиелеу, сезімталдығына тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс:

Көрнекіліктер: доп, түрлі түсті тәрелке, әтештің суреті, қыстырғыш, түрлі түсті қақпақтар.

Сабақтың түрі: Ойын - тренинг

Эпиграф: «Біз шаршағандықтан ойын ойнауды токтатып тұрған жоқпыз, ойын ойнамағандықтан шаршаймыз» Бернард Шоу.

Сабақ барысы:

Балалар топқа музыкамен кіреді.

Шаттық шеңбері:

Шеңбер болып тұрайық,
Алақанды ашайық.
Жүрекке жылу сыйлайық,
Жиналған жылу, шуақты,
Бір – бірімізге сыйлайық!
Саламатсындар ма, балалар?

Психолог: Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Сендердің көңіл – күйлерің қалай? (жақсы)(Балалардың жауаптары).

Мен де бүгін жақсы көңіл – күйдемін. Сол жақсы көңіл – күйімді сендерге сыйлағым келіп тұр. Кәнекей балалар, шеңбер жасап бір – бірімізге өз күлкімізбен, менің қолымдағы доп арқылы бір – бірімізге мейірімді, қайырымды, көңіл – күйді көтеретін сөз айтайық. «Мен сені бүгін оқу қызметінде көргеніме қуаныштымын!». Шеңбер бойымен барлығы допты жалғап айтып шығады.

Психолог: Балалар, сіздер көргенді есте сақтай аласыздар, ойлай аласыздар, заттарды қабылдай аласыздар, күнделікті оқу қызметіне зейіндеріңді шоғырландыра аласыздар, солай ма балалар?

Балалар: иә, солай.

Психолог: Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы: «Менің танымдық әлемім» деп аталады. Қане, олайболса, біздер өзіміздің танымдық қабілеттерімізді анықтап көрейік. Барлығымыз назарымызды экрандағы слайдқа аударайық.

1.«Қыста, жазда киетін киімдерді ажыратып көрсет!»

Мақсаты: ойлау деңгейінің дамуын бағалау.

«Не қайда тұрады?»

Мақсаты: ойлау деңгейінің дамуын бағалау.




«Көжек сыртқа шығу үшін қолына не ұстау керек?»

Мақсаты: ойлау деңгейінің дамуын бағалау.




«Суретте не жасырылған?»

Мақсаты: көру арқылы қабылдауын дамуын анықтауға арналған



«Бірдей суретті тап!»

Мақсаты: көру арқылы қабылдау мен есте сақтау деңгейінің дамуын бағалау.



«Артығын тап!»

Мақсаты: логикалық ойлау деңгейінің дамуын бағалау .




«Суреттен машинаны, қолшатырды, құсты тап!»

Мақсаты: зейіннің даму деңгейін тексеру.




«Төртіншісі артық»

Мақсаты: ойлау деңгейінің дамуын бағалау.



«Төртіншісі артық»

Мақсаты: ойлау деңгейінің дамуын бағалау.



Психолог: Балалар, берілген тапсырманы өте жақсы орындадыңдар! Міне балалар біздердің танымдық қабілеттеріміз тамаша екен.

2.«Әдемі гүлдер» ойыны

Мақсаты: қабылдау мен есте сақтауды, зейінді дамыту.

Уақыты: 1 минут.

Жүру барысы: Үлкен ақ қағазға қызыл, жасыл, сары, көк гүлдер жапсырылған плакат беріледі. Сонымен қатар балаларға түрлі – түсті қақпақшалар беріледі. Ал балалар әуен басталысымен қақпақшаларды гүлдің түсіне қарай суреттегі гүлдің сыртына қақпақшадан гүл жасап беруі керек. Ойын аяқталысымен жұмыстың дұрыс – бұрыстығы тексеріледі.

Психолог: Балалар, ойынға өте белсендікатыстыңыздар, рахмет!

3.«Сыйқырлы бас киім» ойыны

Мақсаты: Баланың зейінін дамыту, көңіл – күйін көтеру.

Жүру барысы: Балаларға бас киім беріледі. Әуен ойнап тұрғанда бас киімді бір – біріне жалғап отырады. Ал әуен аяқталғанда бас киім кімге түсті сол бала бас киімді басына киіп алуы керек. Ойын осылайша ары қарай жалғасады.

5.Күтпеген жағдай: Әтештің ку-ка-ри-ку деген дауысы шығады. Балалар дауыстың үйшіктен шыққанын естіп, үйшіктің жанына барады.

Психолог: Балалар ненің даусы шығады?

Балалар: Әтештің даусы.

Психолог: Балалар бұл әтештің үйі екен Сәлеметсің бе әтеш, балалар әтешпен амандасайық.

Балалар: Сәлеметсіз бе!

4. Тауықтың да даусы естіледі.

Психолог: Балалар әтештің де жанұясы бар, бұл тауықтың даусы. Балалар әтешіміз көңілсіз сияқты, сұрайықшы неге көңілсіз екен?

-Сен неге көңілсізсің?

Әтеш: Менің достарымның құйрықтарын кесіп тастады, соған уайымдап отырмын.

Психолог: Сен уайымдама, біз саған көмектесеміз құйрықтарын тағуға, иә балалар, көмектесеміз бе?

Балалар: Иә, көмектесеміз.

Психолог: Балалар, мына әтештердің құйрықтарын әтештің түсіне қарай сәйкес түсті тағайық.

-Балалардың жұмысының дұрыстығын тексереді. Өте жақсы балалар, біз әтештер мен тауықтарға көмектестік.

Әтеш: Рахмет сіздерге балалар, маған үлкен көмек бердіңіздер.

Психолог: Албалалар, тауықтардың үйшігіне келіп, тамағын қалай дайындамай кетелік. Тауықтардың асы не балалар, білесіздер ме?

Балалар: Иә білеміз, тауықтар, тары, бидай жиді.

Психолог: Өте жақсы балалар, онда мына тапсырманы орындалық.

6.«Тарыдан, фасольді ажырат» тапсырмасы

Мақсаты: Қол моторикасын, сөздік қорын дамыту.

Жүру барысы: Балаларға алдарына тары, фасоль араластырылған тірелке беріледі.Тарыдан фасольді ажыратып алуы керек.

7.«Көңілді разминка» жаттығуы

Мақсаты: көңіл – күйді көтеру.

Жүру барысы: Көңілді әуен ойнайды. **Психолог:** қолды жоғары көтеру, қол шапалақтау, аяқ тарсылдату, екі қолды сермеп отыру, қайшы жасау, қолды белге қойып, секіру, мотор қыздыру сияқты қолды айналдыру, ұшақ сияқты сермет ұшу, қол шапалақтау. Дендерің сау болсын!

8.«Болады, болмайды» жаттығуы.

Мақсаты: танымдық қабілеттерін дамыту.

Барысы: Психолог сөздерді айтады, ал балалар солай болуы мүмкін болса, онда қолдарын шапалақтайды, егер ондай мүмкін болмаса- онда аяқпен топылдатады. Мысалы: қасқыр орманда кезіп жүреді- алақан шапалақтайды. Қасқыр ағаш басында отыр- аяқтарын топылдатады. Кастриолде кесе қайнап жатыр. Мысық үйдің төбесінде қыдырып жүр. Ит аспанда жүзіп келеді. Қыз үйдің суретін салып отыр.

9.Қорытындылау:

Психолог: -Балалар бүгінгіоқу қызметіміз ұнады ма? Бүгін танымдық қабілеттерімізді дамытуда қандай ойындар ойнадық?Сөздерге қай ойын қиын болды? Біз кімге, неге көмектестік?

Балалар: Иә, ұнады. Біздер «Әдемігүлдер», «Жұмыртқа жуу», «Сыйқырлы бас киім», «Болады, болмайды» ойындарын ойнадық. Біз әтешке, тауықтарға көмектестік.

Балалар шеңберге тұрады.

Көтеріңкі көңіл – күймен, /оң қолдарын көтереді/

Шын жүрекпен, /сол қолдарын көтереді /

1, 2, 3, 4, 5 /қолдарын ортаға қойып, жинау/

Кезесемізбіз тағы, /қолдарын жоғары көтеріп ашу/

Жинап алып күш! /шапалақтау/.

Психолог: Міне, балалар, біздің оқу қызметіміз аяқталды. Бір – бірімізге көтеріңкі көңіл күй сыйлай білейік, күлкі сыйлайық, шын жүрегімізден шыққан күлкі шуағы келесі кездескенімізше біздің жүрегімізді жылытатын болсын!

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

«Біз еңбекқор достармыз» психологиялық тренинг» (ойын-тренинг)

Дайындаған: педагог психолог Г.Т.Омарғалиева

2024-2025 оқу жылы

«Біз еңбекқор достармыз» психологиялық тренинг

Уақыты: қараша

Мақсаты: Балалардың ой-өрісін кеңейту.

Балаларды бір-бірін сыйлауға, тыңдауға үйрету, бір-біріне жаны ашып көмектесуге бойына жақсы қасиеттерді сіңіруге көмектесу.

Бірлесе жұмыс жасай алуға үйрету. Балалардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету. Ұжыммен еңбек етуге тәрбиелеу;

Қажетті құрал-жабдықтар: Ыдыстағы қара топырақ, су құйғыш, қопсыту құралы, бөлме гүлдері, гүлдердің суреттері, жүрекше.

Шаттық шеңбері:

Психолог: Сәлеметсіздер ме балалар? Амансыңдар ма достарым!

Мен сендерді шаттық шеңберіне шақырамын. Шеңбер арқылы сәлемдесеміз.

Күн шуағын жинаймын,

Жостарыма сыйлаймын.

Күн жылуын аямасын,

Шуағымен аяласын.

Достық деген бәйтеректі,

Барлық бала саяласын.

Достар туралы түсінік беру.

Достар бір-бірімен тату болуы керек. Әрдайым табиғатқа достарымызбен бірге қамқорлық жасауымыз қажет. Дос ақылшы, сырлас, жақын, адал, қайырымды, мейірімді, адал болуы керек. Осы қасиеттер бойларыңнан табыла білгенде ғана достықтың өмірі ұзақ болады. Достық амал дос, адал дос болып бөлінеді. Амал дос-алдамшы дос, басыңа іс түскенде сатып кетеді, адал дос- әр кезде қасыңнан табылады.

Өздерінің үйдегі, топтағы достары туралы ой-пікірлерін сұрау.

«Достық» сөзіне ассоциация құру.

Мақсаты: Балалардың ой-өрісін кеңейту.

Достық гүлі

Балалар: — Көктемде жер жыртады, егін, бау – бақша егеді.

— Ағаштар бүршік жарып, гүлдер, шөптер шығады.

— Көбелектер, аралар, шегірткелер ұйқыдан оянып гүлден – гүлге қонып хош иісімен, тозандарымен қоректенеді.

— Қар астынан ең алғашқы болып бәйшешек шығады.

— Көктемде қызғалдақ, бәйшешек, бақ — бақ, жауқазын, т. б. гүлдер өседі.

Психолог: — Дұрыс айтасыңдар балалар, бұл гүлдер дала гүлдеріне жатады.

Дала гүлдерінен сабын, сусабын, денеге арналған майлар, әтірлер әртүрлі заттар жасалынады.

Балалар бақ-бақ гүлін құрастырады.

Тәжірибелік кезең

«Гүл отырғызайық»

Ғажайып сәт. Бағбаншы қонаққа көмек сұрап келеді. Балалар түймедақ гүлін егуге көмектеседі.

Балаларға топырақ салынған ыдысқа гүл отырғызуды ұсынамын.

Ең алдымен бізге гүл отырғызатын ыдыс қажет болады. Ыдысты алып ішіне жай ғана даладағы топырақ емес, арнайы құналы тыңайтылған топырақтар болады. Оларды арнайы гүл сатылатын дүкендерден алуға болады. Міне сондай топырақты саламыз.

- . топырақтың ортасын таяқшамен қазамыз;
- . гүлдің тамырын ішіне қондырамыз;
- . түбін топырақпен жабамыз;
- . су құямыз;

Балалар гүлдерді үнемі күтіп баптап тұру қажет. Егерде біз күнде тамақ тамақ ішпесек не болады?

Дұрыс айтасындар әлсізденіп ауырып қаламыз. Сол сияқты гүлдерге де су құйып күту қажет. Гүлдер өздерін мақтағанды, әдемі сөздер айтқанды жақсы көреді.

Дидактикалық ойын: «Кім шапшаң?»

Дұрыс таптындар жарайсындар балалар. Гүлдер өмірдің сәні, табиғаттың көркі. Гүлдерге қарасақ бізге олар қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріледі. Олардың көптеген түрлері бар. Далада өсетін гүлдер. Көктем мезгілі келгенде ең алдымен бәйшешек гүлі шығады,

Далада, қырларда қызғалдақ гүлдерімен әдемі болып кетеді. Ал мерекелерде, туған күн кештерінде сыйлайтын раушан гүлінің түсі қызыл, хош иісті болып келеді. Раушан гүлі ең әдемі гүл. Қарандаршы біздің топта гүлдердің бірнеше түрлері бар, олар біздің тобымызға көрік беріп тұр. Бірақ олар көрік бере қоймай, ауаны да тазартып тұрады екен.

Ал енді мынау алоэ өсімдігі. Жапырақтары тікенді болып келеді, бірақ қолымызға кірмейді. алоэнің емдік қасиеті бар. Мысалы жүгіріп бара жатып, жарақат алған жағдайда осы алоэ жапырағынан кесіп алып жарақат алған жерге тигізіп бір-аз уақыт ұстап тұрсак жазылып кетеді екен. Міне гүлдердің дәрілік қасиеті де бар екен.

Енді гүлдердің сырт келбетімен танысайық. Тамыры- сабағы-жапырағы-гүлі.

— Сендер тобымызда әдемі гүлдер көп өскенін қалайсындар ма?

— Гүлдің қалай өсетінін білгілерің келе ме?

Сергіту сәті

Шаршағанда ырғалып,

Гүлге ұқсап дем алам.

Қанатымды бір қағып,

Гүлдей болып жайқалам.

Ойын. «Менің досым»

Жүргізуші: Балалар, сендерді ойын ойнауға шақырамын. Мен бір балаға доп лақтырамын да, «Сенің досың қандай?» деп сұраймын. Сендер допты маған қайта лақтырып, достарыңның қандай екенін айтасындар?

Балалар:

Менің досым ренжітпейді

Менің досым алдамайды.

Мен досыммен бірге ойнаймын.

Достар тату, мейірімді болады.

Достар бір-біріне көмектеседі.
Мен досыма ойыншығымды беремін
Мен досыммен бірігіп жұмыс жасаймын.
Ғажайып сөздер.
Жүректен — жүрекке.

Психолог балаларға шеңбер жасайды. Бір — біріне тілектерін айтады. Өз достарының қандай екенін айтып шығады.

Менің досым батыр болса деймін.

Менің досым әдемі өтірік айтпаса екен деймін.

Менің досым әдемі қыз болсын.

Менің досым суретші болса екен деймін.

Менің досым мұғалім болғысы келеді.

Қорытындылау

Психолог: Бүгін біз достар туралы әңгімелестік. Достарымыз үнемі жақсы, жылы сөздер айту керектігін үйрендік. Достар бір — біріне көмектеседі.

Достарың ұзақ, тұрақты болу үшін бір — бірлеріңе көмектесіп, адал болуларың керек. Сонда ғана достықтарың берік болады.

Психолог; Балалар достар қандай болу керек?

Балалар: Адал, тату, мейірімді, қамқор.

Балабақшада бір — бірімізбен доспыз. Ренжітпейміз. Бірге ойнаймыз.

Балалар сендерге бүгінгі жасаған жұмыстарың өздеріңе ұнады ма? Ал ендеше ойын ойнаймыз.

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Бекітемін:

ТОО «Венера» бөбекжайы

директоры _____ В.Б.Джуламанова

2024-2025 оқу жылына арналған педагог-психологтың
Бейімделу жұмыс жоспары

Педагог - психолог: Г.Т.Омарғалиева

Бейімделу

Мақсаты: тұлғаның жаңа ортаға бейімделуіне көмектесу - балабақшаға алғаш келген кезде балабақшаға үйренуі, күн тәртібіне бейімделуі, сонымен қатар ата - анасына да

балабақша өмірін таныстыра отырып, психологиялық көмек көрсету.		
Балабақшаға жаңадан келген балалардың мәліметтерімен танысу, бақылау парағын толтыру	Бақылау	Жыл бойы
Жас ерекшеліктеріне байланысты ата - аналар жиналыстарында баяндамалар, сауалнама дайындау	«Баланың балабақшаға бейімделуі»	Қажетіне қарай
Ойын-жаттығу, тренингтер	Жаңадан келген балаларға бөбекжайға сәтті бейімделуге жағдай туғызу	Қажетіне қарай

Бекітемін:

ТОО «Венера» бөбекжайы

директоры _____ В.Б.Джуламанова

**2024-2025 оқу жылына арналған педагог - психологтің бөбекжайдағы балалардың
бөбекжайға бейімделуіне арналған
түзету - дамытушы жұмыстарының жоспары**

Педагог - психолог: Г.Т.Омарғалиева

Бағыттары	Жүргізілетін жұмыстың тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Қолданылатын әдебиеттер, көрнекі дидактикалық құралдар,	Контингент

				ойындар т.б.	
Түзету - дамытушы	«Танысу» ойыны. «Шындыққа бір кадам» ойыны	Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым- катынастың белсенді етілуін және кері байланыс , көмек алу тәсілдерін меңгеру	Қыркүйек	Әр түрлі үй жануарлары т.б. суреттер	«Сұңқар» тобы
Түзету - дамытушы	«Сантки, Фантики, Лимпопо» ойыны «Карусель» жаттығуы.	Қарым-катынасты, есте сақтауды дамыту, шынайы бейнелеп көрсете білу арқылы көңіл- күймізді жаттықтыру.	Қазан	магнитофон	«Балапан» тобы
Түзету - дамытушы	«Ауызша волейбол» ойыны «Кім екенін тап» ойыны.	Топ мүшелерінің бір-бірін тануға көмектеседі, өзінде бар жақсы қасиеттерді бағалай білуге өзінің қасында жүрген адамдардың жақсы қасиеттерін білуге , бір-бірін терең түсінуді дамыту.	Қараша	магнитофон	«Тұлпар» тобы
Түзету - дамытушы	«Шөлдеу» ойыны «Алып» ойыны.	Достыққа , бір- біріне көмектесіп қана нәтижеге жетуге болатынына тәрбиелеу	Желтоқсан	магнитофон	«Сұңқар» тобы
Түзету - дамытушы	«Ұқсас суретті тап» ойыны Шапалақты тыңда. Сиқырлы қапшық	Балалардың зейінін жетілдіру	Қаңтар	магнитофон	«Балапан» тобы
Түзету - дамытушы	«Ғажайып дорба» (көкөністер) «Мен жеңімпазбын» ойыны.	Балалардың колмен сипап сезу әрекеттерін дамыту, көкөністер жайлы білімін	Ақпан	Көкөністердің суреті, ойыншық	«Тұлпар» тобы

		жетілдіру. сенсорлық операцияларын , көркем шығармашылық кабілеттерін дамыту.			
Түзету - дамытушы	«Нені көрсетсем, соны тап» «Доп» ойыны	Балардың тіл байлығын жетілдіру, елестету кабілетін дамыту, басқа адамды дауысынан танып үйрету	Наурыз	магнитофон доп	«Сұңқар» тобы
Түзету - дамытушы	«Тыңда да айт», «Зейінді тыңда»,	Айналадағы заттардың дыбыстарын бір- бірінен ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту кабілетін дамыту. магнитофон	Сәуір	магнитофон	«Балапан» тобы
Түзету - дамытушы	«Кім сені шақырды, тап»	Естесактау мен қарым - қатынасты дамыту	Мамыр	магнитофон	«Тұлпар» тобы

Педагог – психолог: Омарғалиева Г.Т.

«Сантнки, Фантнки, Лимпопо» ойыны.

Мақсаты: Қарым-қатынасты, есте сақтауды дамыту, шынайы бейнелеп көрсете білу арқылы көңіл-күймізді жаттықтыру.

Уақыты: қазан

Тобы: «Айналайын» тобы

Жүру барысы:

Барлығы шенбер бойымен тұрып, бір баланы таңдайды да, бөлменің сыртына шығарады. Шенбердегі балалардың ішінен бір баланы жүргізуші етіп сайлайды, ол шенбердегі балаларға қозғалыстарды көрсетіп тұрады. Барлық ойыншылар жүргізушінің артынан көрсеткен қимылдарды қайталау керек. Қимылды қайталаған кезде жүргізушіге қарамай, білдіртпей жасау керек. Шенбердегі балалар шапалақ ұрып, «Сантнки, Фантнки, Лимпопо» деп айтып ойынды бастайды. Бөлме сыртында тұрған бала ойыншылардың дауыстарын естіп, бөлмеге кіреді де шенбердің ортасына тұрып, кім жүргізуші екенін табу керек. Егер жүргізушіні тапса, жүргізушіні есіктің сыртына шығарады. Ойын сол ретімен жалғасып отырады.

«Қарусель» жаттығуы.

Жүру барысы:

Топ балалары 2-ге бөлінеді. 1-ші топ ішкі, 2-ші топ сыртқы топ болып бөлініп, екі шенбер жасайды. Жетекшінің берген белгісі бойынша ішкі топ пен сыртқы топ бір-біріне қарсы тұрған адамдар бірігеді. Әрбір топқа кезекпен-кезек жетекші белгілі бір роль беру керек. Олардың тез арада сол рольді 2-3 минутта көрсету керек.

Мысалы: сатушы-сатып алушы, мұғалім-оқушы, дәрігер-қарадушы, полиция-шофер, аке-бада, анасы-қызы. Бұл жаттығу әрбір адамның өзінің мінезін көңіл-күйін, қабілетін, өзгерте білу осы арқылы өзгелермен еркін араласу қабілетінің дамуына көмектеседі.

«Ауымша волейбол» ойыны

Мақсаты: өзінде бар жақсы қасиеттерді бағалай білуге өзінің қасында жүрген адамдардың жақсы қасиеттерін білуге, бір-бірін терең түсінуге арналады.

Уақыты: қараша

Тобы: «Айналайын» тобы

Жұру барысы:Допты бір-біріне берген кезде балалар адамгершілік қасиеттер туралы айтулары керек.

Мысалы, шынышылдық, мейірімділік, адамдық, адамгершілік, әділдік, кішіпейілдік, батылдық, ұстамдылық,жанапшырлық.

«Кім екенін тап» ойыны.

Мақсаты: Топ мүшелерінің бір-бірін тануға көмектеседі.

Жұру барысы:Әрбір адам өзінің аты-жөнін көрсетпей, өз-өзіне психологиялық мінездеме жазды. Өзінің ұнамды ұнамсыз қасиеттерін айтады. Тәрбиеші барлығының мінезін парақтарға жазды. Балалар мінездеменің иесін табу қажет.

Бұл жаттығу өзгелерді дұрыс қабылдап, тану арқылы олардың өзіндік ерекшеліктерін білуге үйретеді.

«Шөлдеу» ойыны

Мақсаты: Достыққа, бір-біріне көмектесіп қана нәтижеге жетуге болатынына тәрбиелеу.

Уақыты: желтоқсан

Тобы: «Айналайын» тобы

Жүру барысы: Балалардың қолдарына ымытақтан қозғалмайды. Балалар өздерін ыстық шөл далаламыз деп елестетеді, қатты шөлден жүреді.

Бір кезде тостағандалардың сұларға кездеседі. Енді осы сұды шашпай, шөлдерін қандыруға болатынына қоз жеткізеді.

«Алып» ойыны.

Мақсаты: Ұжымшылдыққа тәрбиелейді.

Жүру барысы:

Екі бала қатар тұрады, біреуінің сол аяғын екіншісінің оң аяғына байлайды. Сөйтіп бір белгіленген жерге барады. Немесе, үш, төрт, т.б. балаларды бірге байлайды, сосын олар бірге жүруге тырысады. (бақаға ұқсап секіреді)

«Ұқсас суретті тап» ойыны

Уақыты: қаңтар

Тобы: «Айналайын» тобы

Жұру барысы:

Жетекшінің алдында қос-қостан бірнеше суреттер болады. Олар: екі шырма , екі қайық, екі жапырақ т.с.с. Осы суреттердің бірнешеуін тақтаға іліп, осыған ұқсас геометриялық пішіндерді қораптан таңдап алып салыстырып, ұқсастығын, пішінін тұр-түсің сипаттап әңгімелеп береді.

Әртүсеті заттар.

Жетекші балаларға белгілі бір түсті атайды. Балалар сол түске сәйкес заттың атын атап беруге тиісті. Шенбердегі отырған балалар кезекпен жауап беріп отырады.

Мысалы: қызыл алма, сары балапан.

Сикірды саусақтар.

1 Тан қалу (екі қолдың бас бармағын көтеру)

2 Өзіңді көрсету (бір саусақпен)

3 Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру)

4 Қорқыту (сұқ саусақпен)

5 Жемісі (екі қолды жоғары көтеру)

Сөз моншақтар. Жүргізуші балаларға бір сөз айтды, ол сөздің басында қандай әріп естілетінін сұрайды. Соңғы әріпке сәйкес келесі сөз ойлап оны бата жапастырады. Осылайша «жіңке тізген моншақтай» сөз моншақтарын тізіп айтуға жаттығады. Қай бала көп сөзді есінде сақтап , көп сөз ойласа , сол бала жеңеді.

Шипалақты тыңда.

Жұру барысы:

Балалар шеңберге тұрып қолдарын созады. Тәрбиеші 3 деген кезде , барлықтары бір уақытта қолдарымен шипалақ соғуға тиісті.

Балалар сендердің көңіл-күйлерін қандай?

Сендер көңіл-күйлеріміз жақсы дедіңдер. Енді осы жақсы көңіл-күйлеріңді көрсетіңіздерші.

1 Көңілді болғанда не істейміз?

2 Ренжігенде...

3 Қорыққанда...

4 Қуанғанда....

5 Тап қалғанда...

Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен , екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып , үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.

Қанша дыбыс естідіңдер?

Жүргізуші бірнеше рет қарындашпен үстелді соғады. Ал, балалар естіген дыбыстарын саусақпен көрсетеді.

Сикырлы қапшық.

Жүру барысы:

Балаларды шеңбер жасай отыртызып жүргізуші олардың алдындағы кішкентай үстел басына отырады. Үстелдің басында сикырлы қапшық тұр. Ішінде әртүрлі ұсақ ойыншықтар. Балаларды кезекпен шақырып қапшықтың ішіндегі екі бірдей затты тауып алуды талап етеді. Мысалы: екі доп, екі машина. Балалар қолымен заттарды сипап , бірдей затты тауып алған соң сипаттап айтады. Айтқанын тексеру үшін заттарды сыртқа шығарады, ойын осылайша жалғасады.

«Мен жеңімпазбын» ойыны

Уақыты: ақпан

Тобы: «Айналайын» тобы

Жүру барысы:

Орындықтарды ортаға қойып, музыка әуені ойнағанда балалар шеңбермен айналып жүтпеді. Орындықтар саны балалар санынан 1 санға кем болуы керек. Ең соңында қалған бала орындықтың үстіне шығып, мен жеңімпазбын деп айтуы керек.

«Ғажайып дорба» (көкөністер)

Мақсаты: балалардың қолмен сипап сезу әрекеттерін дамыту, көкөністер жайлы білімін жетілдіру.

Ойын мазмұны: балалар кезекпен келіп қолын ғажайып дорбаға салып, сипап сезу арқылы көкөністі тандайды. Қолын дорбадан шығармай тұрып, сол көкөністің атын атайды және одан не жасауға болатынын әңгімелейді.

«Тыңда да айту»

Мақсаты: айналалаты заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту.

Уақыты: сәуір

Тобы: «Айналайын» тобы

Құрал: ағаш, металл қасықтар, доп, қаназ, кітап, суы бар стакан, қондырау, кілттер.

II нұсқасы ретінде музыкалық аспаптарды пайдалануға болады.

Ойын барысы:

Жеке және топпен ойнауға болады. Ең алды балалар үстелдегі заттарды қарап алады. Соның тәрбиешіге теріс қарап отырады, ал тәрбиеші заттардың дыбысын шығарады, балалар дыбысты тыңап толық жауап береді : «Бұл қондыраудың сыңыры»

II-нұсқа. Заттардың орнына музыкалық аспаптар пайдаланыады. Балалар аспапты дыбысынан таниды.

«Зеріңді тыңда»

Мақсаты: фонематикалық есту қабілетін, есту өткірлігін дамыту.

Ойын барысы: Ойын 4-5 баламен өткізіледі. Дөңгелекпен отырады. Тәрбиеші жай дауыспен балалардан тапсырманың орындауын сұрайды, содан кейін осы тапсырманы орындайтын баланың атын сыбырлап айтады. Егер бала өз атын естімесе, басқа баланың атын айтады.

«Ау сені шақырды, тап»

Мақсаты: басқа адамды дауысынан танып үйрету.

Уақыты: мамыр

Тобы: «Айналайын» тобы

Ойын барысы: 3 адамнан кем адам қатыспайды. Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады.

Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Тапыса шенберге тұрады – шақырған бала ортаға тұрады

«Бес санына шапалықта»

Мақсаты: Беске дейін санап және әрекетті тәрбиешінің ұсынысы бойынша орындап үйрету.

Ойын барысы: ойында секудел және топпен ойнауға болады. Тәрбиеші балаға қарама – қарсы отырып айтқанды «қазір мен 5 дейін санаймын «бес» деген кезде сен бір рет шапалықтайсың»

«Балалардың балабақшаға бейімделуі туралы есеп»

Дайындаған: педагог психолог Г.Т.Омарғалиева

2024-2025 оқу жылы

**Жеке бөбекжай ТОО «Венера» бөбекжайында 2024-2025 оқу жылында
балабақшаға балалардың бейімделу кезеңіндегі психолог жұмысының есебі**

Балабақшаға осы бейімделу кезеңінде 29 бала қабылданды. Жоспарға сәйкес шаралар жүргізілді. Тәрбиешілерге және ата-аналарға бейімделу барысы туралы кеңестер, топтарға «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында жаднамалар ілініп қойылды. Балаларға адамдармен қарым қатынасқа түсуге, эмоцманалды жағдайын оңтайландыру мақсатында ойындар жүргізілді.

Бейімделу кезеңінің негізгі міндетінің бірі - балада өзі-өзіне сенімділігін қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін келесі іс-әрекеттерді орындалды:

- 1.Балаларды бір-бірімен таныстыру, бір-біріне жақындастыру;
- 2.Тәрбиеші мен баланың танысуы, баламен тәрбиеші арасында сенімділік орнату;
- 3.Топпен және балабақшамен танысу;
- 4.Балабақша қызметкерлерімен танысу;

Бейімделу кезеңін жіктелуіне байланысты жеңіл, орташа ауыр, ауыр жағдайда балабақшаға үйренген тәрбиеленушілер болды.

Балалардың балабақшаға бейімделуінің орташа көрсеткіші

87 % -жеңіл деңгей

13%-орташа деңгей

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Бекітемін:

ТОО «Венера» бөбекжайы

директоры _____ В.Б.Джуламанова

2024- 2025 оқу жылында агрессивті баламен
жүргізілген психодиагностикалық және түзету-дамыту,
кеңес беру жұмыстары.

педагог-психолог: Г.Т.Омарғалиева

2024-2025 оқу жылы

№	Жүргізілетін жұмыстың мазмұны	Өткізілу формасы	Уақыты
Психодиагностика			
1	«Кездеспейтін жануар» әдістемесі М.З.Друзкевич	Баладағы агрессивтілік мінез-құлықты проективті әдіс арқылы анықтау.	Қыркүйек
2	Ата-аналарға «Балаңызда агрессивті мінез-құлықтың көрінуі» тақырыбында сауалнама	Ата-аналар баласының бойындағы қасиеттерін көрсету арқылы бала туралы ақпарат алу сауалнамасы.	Қыркүйек
Психокоррекциялық жұмыс			
3	«Жартастың ортасындағы кеме», «Эмоцияларды бейнелеу» ойындары	Ойын – жаттығулар	Қазан
4	«Ашуды қозғалыс арқылы бәсеңдету», «Сенің маған ұнайтының...»	Ойын – жаттығулар	Қазан
5	«Қылыш және қорған», «Қарама – қарсылықтар біні» ойындары	Ойын- жаттығулар	Қараша
6	«Жалмауыз кемпір», «Дауыс бойынша біл», «Ыстық орындық» ойындары	Ойын – жаттығулар	Қараша
7	«Бос уақыт», «Төрт стихия», ойындары	Ойын – жаттығулар	Желтоқсан
8	«Гимнастика», «Доспен кездесу», «Сенің маған ұнайтының...»	Ойын – жаттығулар	Желтоқсан
9	«Айналар дүкенінде», «Айналу», ойындары	Ойын- жаттығулар	Қантар
10	«Ашуды қозғалыс арқылы бәсеңдету», «Тасты қозға»	Ойын- жаттығулар	Қантар
11	«Тасбақа», «Жартастың ортасындағы кеме»	Ойын- жаттығулар	Ақпан
12	«Топтық портрет», «Эмоцияларды бейнелеу» ойындары	Ойын- жаттығулар	Ақпан
13	«Мейірім», «Көңілді би» жаттығуы	Ойын- жаттығулар	Наурыз
14	«Тасты қозға», «Доспен кездесу» жаттығуы	Ойын- жаттығулар	Наурыз
15	«Танысу», «Сиқырлы таяқша» жаттығуы	Ойын- жаттығулар	Сәуір
16	«Айдаһар, Ханшайым, Батыр», «Қол ұстасу» жаттығуы	Ойын- жаттығулар	Сәуір
17	«Кездеспейтін жануар» әдістемесі М.З.Друзкевич	Баладағы агрессивтілік мінез-құлықты проективті әдіс арқылы анықтау.	Мамыр
18	Ата-аналарға «Балаңызда агрессивті мінез-құлықтың көрінуі» тақырыбында сауалнама	Ата-аналар баласының бойындағы қасиеттерін көрсету арқылы бала туралы ақпарат алу сауалнамасы.	Мамыр
Психологиялық кеңес			
17	Агрессивті мінез-құлықты баламен балалардың ата-аналары мен педагогтарына кеңестер мен ұсыныстар.	Кеңес беру (ата-аналар бұрышына стенд дайындау). Ұсыныстар	Барлық айлар

2024- 2025 оқу жылындағы агрессивті бала тізімі

№	Баланың аты- жөні	Тобы	Агрессивтілік мінез- құлықтың іс- әрекет түрлерінің көрінуі
1	Газезов Ислам	«Сұңқар» тобы	• Мінез- құлық белгілері: • Адамдарға тез ашуланады; • Оған ерекше қарымқатынас орнату арқылы оның жүрегіне жол таба аласың; • Өзін ренжіткен адамды мүлде ем аямайды; • Сырт көзге жүзі суық; • Қатты ашуланса, біреуді ұруға дейін барады; • Балалармен жағымды қарым- қатынасқа көп жағдайда түсе алмайды; • Көпшілікті тек өз дегенімен жүргізгісі келеді.

№1 Хаттама

Күні: «02» 09.2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Түрі: Жеке ойын жаттығуы.

Тақырыбы: «Менің көңіл-күйім».

Мақсаты: Баланың ішкі агрессиясын сыртқа шығаруға жағдай жасау, психологиялық кернеуді түсіру және өзін еркін сезінуге үйрету.

Жұмыс барысы:

1. **Ұйымдастыру кезеңі:** Баламен амандасу, көңіл-күйін сұрау. «Күн нұры» атты қысқаша жылылық шеңберін жасау (қолмен күн жасап, бір-біріне жылу беру).
2. **«Қағазды жырт» ойыны:** Балада жиналған ашу-ызаны шығару үшін түрлі түсті қағаздар беріледі. Бала оны барынша майдалап жыртып, себетке лақтыруы керек. Бұл физикалық агрессияны қауіпсіз жолмен шығаруға көмектеседі.
3. **«Мен қандаймын?» жаттығуы:** Айна алдында тұрып, түрлі эмоцияларды (ашулы, көңілді, таңғалған) көрсету.
4. **Қорытынды:** Баланың жұмысын мадақтау. «Бүгін біз ашуымызды қағазбен бірге жыртып тастадық» деп түсіндіру.

Қорытынды: Бала қағаз жырту кезінде белсенділік танытты, бастапқыдағы шиеленіс азайды.

Ұсыныс: Ата-анасына үйде бала ашуланғанда қағаз қию немесе жырту арқылы эмоциясын шығаруға рұқсат беру ұсынылады.

№2 Хаттама

Күні: «13» 09 2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Түрі: Жеке ойын жаттығуы.

Тақырыбы: «Ашуды жастық».

Мақсаты: Баланың агрессивті әрекеттерін (ұру, итеру) басқа арнаға бұру, қол бұлшықеттеріндегі кернеуді босату.

Жұмыс барысы:

1. **Сәлемдесу:** «Менің сүйікті ойыншығым» әдісі арқылы баланың назарын аудару.
2. **«Ашуды қуу» ойын-жаттығуы:** Арнайы жұмсақ жастық қолданылады. Балаға: «Егер сен біреуге ренжісең немесе ашулансаң, мына жастықты ұрсаң болады» деп түсіндіріледі. Бала жастықты бар күшімен ұрып, бойындағы күшті бағыттайды.
3. **«Көбіктер» жаттығуы:** Сабын көбіктерін үрлеу арқылы тыныс алуды реттеу. Бұл баланы сабырлыққа шақырады.
4. **Рефлексия:** Баладан қазіргі сезімін сұрау.

Қорытынды: Жаттығудан кейін баланың мінезінде тыныштық байқалды, тыныс алуы қалыпқа келді.

Ұсыныс: Тәрбиешілерге бала агрессия көрсеткен сәтте оның назарын физикалық белсенділікке аудару ұсынылады.

№3 Хаттама

Күні: «20» 09 2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Түрі: Жеке ойын жаттығуы.

Тақырыбы: «Сиқырлы құм».

Мақсаты: Құм терапиясы арқылы баланың мазасыздығын басу, тактильді сезімталдығын арттыру және ішкі тыныштыққа тәрбиелеу.

Жұмыс барысы:

1. **Кіріспе:** Құммен танысу. Құмның салқындығы мен жұмсақтығын сезіну.
2. **«Ашуды көму» ойыны:** Бала құмның астына кішкентай ойыншықтарды (агрессивті кейіпкерлерді) жасырып, оны тегістеп тастайды. Бұл ашуды жеңу символы болып табылады.
3. **«Саусақпен сурет салу»:** Құм бетіне күлімдеген күннің немесе гүлдің суретін салу. Позитивті бейнелерді қалыптастыру.
4. **Қорытынды:** Құммен жұмыстан алған әсерімен бөлісу.

Қорытынды: Бала құммен жұмыс істегенде өте қызығушылық танытты, агрессивті әрекеттер байқалмады.

Ұсыныс: Баламен сумен немесе құммен көбірек жұмыс істеуді ұйымдастыру (арт-терапия).

№4 Хаттама

Күні: «27» 09.2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Түрі: Жеке ойын жаттығуы.

Тақырыбы: «Агрессивті доп» (Доппен терапия).

Мақсаты: Баланың жиналып қалған физикалық энергиясын дұрыс арнаға бағыттау, қозғалыс белсенділігін бақылауды үйрету.

Жұмыс барысы:

1. **Сәлемдесу жоралғысы:** «Жылы алақан» жаттығуы. Баламен қол алысып, бір-біріне сәттілік тілеу.
2. **«Нысанаға тигіз» ойыны:** Бөлме ортасына жұмсақ қорап немесе себет қойылады. Балаға кішкентай резеңке доптар беріледі. Шарты: бойындағы бар күшін салып, допты себетке лақтыру. Бұл жаттығу «ұру» импульсін нысанаға бағытталған іс-әрекетке айналдырады.
3. **«Допты аяла» жаттығуы:** Күш жұмсалғаннан кейін баланы сабырландыру үшін допты қолға алып, оны сипау, оған жылы сөздер айту тапсырылады. Бұл контрастты әдіс (күш жұмсау – жұмсақтық) эмоцияны басқаруға көмектеседі.
4. **Қорытынды:** Баланың көңіл-күйін бақылау. «Біз күшімізді допқа бердік, енді біз мейірімдіміз» деп қорытындылау.

Қорытынды: Допты лақтыру кезінде баланың эмоционалдық жеңілдеуі байқалды.

Ұсыныс: Баланың физикалық белсенділігін арттыру үшін спорттық ойындарды жиілетіп, энергиясын сыртқа шығаруға жағдай жасау.

№5 Хаттама

Күні: «04» 10.2024 ж.

Баланың аты-жөні Газезов Ислам

Бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Түрі: Жеке ойын жаттығуы.

Тақырыбы: «Көңілді саусақтар» (Саусақ бояуымен сурет салу).

Мақсаты: Арт-терапия арқылы ішкі қорқыныш пен агрессияны анықтау, баланың сезімталдығын арттыру және ұсақ моторикасын дамыту.

Жұмыс барысы:

1. **Дайындық кезеңі:** Үстелге үлкен ватман қағазы мен саусақ бояуларын қою. Балаға ешқандай шектеу қойылмайды.
2. **«Менің ашуым қандай түсті?» жаттығуы:** Балаға өзіне ұнамайтын түсті таңдап, қағаз бетіне кез келген суретті (немесе жай ғана шимайды) салу ұсынылады. Сурет салу барысында бала өз эмоцияларын бояу арқылы қағазға шығарады.
3. **«Түстерді араластыру»:** Жағымсыз түстердің үстіне ашық, жақсы түстерді (сары, жасыл) қосу арқылы суретті өзгерту. Бұл баланы негативті позитивке ауыстыруға бейімдейді.
4. **Рефлексия:** Салынған сурет туралы қысқаша әңгімелесу.

Қорытынды: Бояумен жұмыс істеу баланы тыныштандырды, ол өз жұмысына мәз болды.

Ұсыныс: Үйде және топта сурет салуға, сазбалшықпен (пластилин) жұмыс істеуге жиі мүмкіндік беру.

Күні: «11» 10. 2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Түрі: Жеке ойын жаттығуы.

Тақырыбы: «Тәртіпті және тәртіпсіз көліктер» (Сюжеттік-рөлдік ойын).

Мақсаты: Ойын арқылы әлеуметтік нормаларды түсіндіру, басқаларға зиян тигізбеу керектігін үйрету.

Жұмыс барысы:

1. **Кіріспе:** Ойыншық машиналармен танысу. Екі машинаны алу: бірі – жақсы, екіншісі – бұзық машина.
2. **Ойын жағдайы:** «Бұзық машина» жолдағы басқа машиналарды итереді, соғады. Психолог: «Көрудің бе, басқа машиналар ауырып қалды, олар жылап жатыр. Енді оларға көмектесейік» деп жағдайды өзгертеді.
3. **Түзету кезеңі:** Баламен бірге «бұзық машинаны» емдеу, оған жол ережесін үйрету. Бала рөлге еніп, машинаны абайлап жүргізуге тырысады.
4. **Қорытынды:** «Біз ешкімді итермейміз, біз доспыз» деген ұғымды қалыптастыру.

Қорытынды: Бала ойын арқылы өз іс-әрекетінің басқаларға әсерін түсіне бастады.

Ұсыныс: Күнделікті өмірде де басқа балалармен қарым-қатынас кезінде «достық» ережелерін еске салып отыру.

Күні: «18» 10.2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Түрі: Жеке ойын жаттығуы.

Тақырыбы: «Тыныштық минуты» (Релаксация).

Мақсаты: Баланы өз денесін сезінуге, тыныш отыруға және дыбыстарды тыңдауға дағдыландыру. Гиперактивтілікпен қоса келетін агрессияны басу.

Жұмыс барысы:

1. **Дайындық:** Жұмсақ кілемшеге жату немесе ыңғайлы отыру. Көзді жұму.
2. **«Дыбыстарды тап» ойыны:** Психолог сырттан естілетін дыбыстарды (құстың дауысы, судың ағуы, сағаттың тықылы) тыңдауды ұсынады. Бала өте тыныш отыруы керек.
3. **Тыныс алу жаттығуы:** «Мұрынмен гүлді іскейміз, ауызбен шамды үрлейміз». 3-4 рет қайталау.
4. **Қорытынды:** Баланың ішкі тыныштығын мадақтау, оған кішкене «сыйлық» (стикер) беру.

Қорытынды: Релаксациядан кейін баланың қимыл-қозғалысы баяулап, сабырлы бола түсті.

Ұсыныс: Ұйықтар алдында немесе сабақ арасында осындай қысқа үзілістер жасап тұру.

№8 ХАТТАМА

Күні: «24» 10.2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Жұмыс бағыты: Түзету-дамыту жұмысы (агрессивті мінез-құлықты түзету).

Жұмыс түрі: Жеке ойын жаттығуы.

Тақырыбы: «Мейірімді жануарлар» (Эмпатияны дамыту).

Мақсаты: Баланың бойындағы қатыгездік элементтерін жою, жануарлар мен айналасындағы адамдарға деген жанашырлық сезімін ояту, мейірімділікке тәрбиелеу.

Жүру барысы:

1. **Шаттық шеңбері:** Психолог баланы қарсы алып, «Жылы алақан» жаттығуын жасайды. Қол алысып, бір-біріне күлімсірейді.
2. **«Жаралы қонжық» ойыны:** Психолог балаға «ауырып қалған» немесе «ренжіген» ойыншық қонжықты көрсетеді. Балаға қонжықты жұбату, сипау, оған тамақ беру немесе «емдеу» тапсырылады. Психолог: «Қонжық қазір мұңды, оны ұруға болмайды, ол біздің көмегімізге мұқтаж» деп бағыттады.
3. **«Мейірімді қолдар»:** Бала өз қолының суретін қағазға бастырып, әр саусағын «жақсы сөздермен» (анашым, досым, гүл, күн) атайды.

Қорытынды: Бала ойыншыққа қамқорлық жасау барысында жұмсақтық танытып, агрессивті әрекеттерден арыла бастады.

Ұсыныс: Ата-анасына үйде жануарларға немесе өсімдіктерге күтім жасау арқылы баланың мейірімін ояту ұсынылады.

№9 ХАТТАМА

Күні: «1» 11.2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Жұмыс бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Жұмыс түрі: Жеке ойын жаттығуы (Блоу-арт әдісі).

Тақырыбы: «Ашуды үрлеп шығар».

Мақсаты: Тыныс алу жаттығулары арқылы ішкі кернеуді сыртқа шығару, эмоционалдық шиеленісті бәсеңдету.

Жүру барысы:

1. **Амандасу:** «Көпіршіктермен сәлемдесу». Психолог баламен бірге терең дем алып, дем шығарады.
2. **Негізгі бөлім:** Қағаз бетіне сұйық бояудың бірнеше тамшысы тамызылады. Балаға пластик түтікше (трубочка) беріледі. Шарты: бойындағы бар күшін салып, бояуды жан-жаққа үрлеп шашырату. Бұл физикалық күшті және іштегі «қысымды» қауіпсіз жолмен сыртқа шығаруға көмектеседі.
3. **Қорытынды:** Пайда болған бояу дақтарынан әдемі бейнелер іздеу. «Сенің ашуың осы бояумен бірге ұшып кетті» деп түсіндіру.

Қорытынды: Бала физикалық тұрғыдан жеңілдеп, жаттығу соңында көңіл-күйінің көтерілгені байқалды.

Ұсыныс: Бала қатты ашуланғанда немесе біреуді ұрғысы келгенде, терең тыныс алу жаттығуларын жасату.

№10 ХАТТАМА

Күні: «08» 11.2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Жұмыс бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Жұмыс түрі: Жеке ойын жаттығуы (Пластилин терапиясы).

Тақырыбы: «Ақылды сазбалшық».

Мақсаты: Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту арқылы мидың тежеуіш функцияларын нығайту, сезімталдықты арттыру.

Жүру барысы:

1. **Дайындық:** Жұмсақ пластилин немесе арнайы қамырды (play-doh) үстелге қою.
2. **«Ашуды илеу» жаттығуы:** Балаға пластилинді барынша қатты сығу, созу, үзу, қайта қосу тапсырылады. Психолог: «Қазір қолыңдағы ашуды мына пластилинге бер» деп нұсқау береді. Содан кейін сол пластилиннен «сүйкімді» бір зат (доп, күн, гүл) жасау сұралады.
3. **Сыйлық жасау:** Бала жасаған затын өзіне ұнайтын адамға сыйлауға дайындайды.

Қорытынды: Баланың қол бұлшықеттеріндегі шиеленіс тарқап, шығармашылыққа қызығушылығы артты.

Ұсыныс: Агрессия байқалғанда баланың қолына илеуге болатын антистресс ойыншықтарын беру.

№11 ХАТТАМА

Күні: «15» 11.2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Жұмыс бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Жұмыс түрі: Жеке ойын жаттығуы.

Тақырыбы: «Сиқырлы айна» (Өзін-өзі тану).

Мақсаты: Баланың өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру, өз эмоцияларының сыртқы көрінісін тани білуге үйрету.

Жүру барысы:

1. **«Айна» ойыны:** Психолог баланың қарсысында тұрып, оның барлық қимылдарын қайталайды, содан кейін бала психологтың қимылын қайталайды.
2. **Эмоциялар әлемі:** Айна алдында тұрып, кезекпен «ашулы бала», «көңілді бала», «қорқып тұрған бала» бейнелерін жасау. Психолог: «Қарашы, ашуланғанда сенің түрің қандай болады? Ол сүйкімді ме? Ал күлгенде ше?» деп сұрақ қояды.
3. **Позитивті бекіту:** Айнаға қарап күлімсіреу және «Мен жақсы баламын» деп айту.

Қорытынды: Бала өз эмоцияларын сырттан бақылауды және оны басқаруды үйрене бастады.

Ұсыныс: Баланың өзіне деген сенімділігін арттыру үшін жиі мақтап отыру.

№12 ХАТТАМА

Күні: «22» 11.2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Жұмыс бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Жұмыс түрі: Жеке ойын жаттығуы (Су терапиясы).

Тақырыбы: «Көпіршіктер патшалығы».

Мақсаты: Судың емдік қасиеттерін қолдана отырып, баланы сабырлыққа, нәзіктікке және тыныштыққа үйрету.

Жүру барысы:

1. **Кіріспе:** Ыдыстағы жылы сумен танысу. Қолды суға салып, оның жылуын сезіну.
2. **«Көпіршікті сақта»:** Суға сабын қосып, көпіршіктер жасау. Балаға көпіршіктерді жармай, абайлап қолымен ұстау тапсырылады. Бұл жаттығу баланың қимыл-қозғалысын баяулатып, оны мұқият болуға мәжбүрлейді.
3. **«Судың сыбдыры»:** Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа баяу құю. Судың дыбысына құлақ түру.

Қорытынды: Сумен жұмыс баланың агрессивті импульстерін басып, жүйке жүйесін тыныштандырды.

Ұсыныс: Ашуланған сәтте баланың беті-қолын жылы сумен жуып, көңілін суға аудару.

№13 ХАТТАМА

Күні: «29» 11.2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Жұмыс бағыты: Түзету-дамыту жұмысы.

Жұмыс түрі: Жеке ойын жаттығуы (Құм терапиясы).

Тақырыбы: «Құмдағы достық» (Әлеуметтену).

Мақсаты: Құммен жұмыс істеу арқылы басқалармен бірлесіп әрекет ету дағдыларын дамыту, бөлісуді үйрету.

Жүру барысы:

1. **«Құммен амандасу»:** Құмды қолмен ұстап, оның қалай төгілетінін бақылау.
2. **«Ортақ қала соғу»:** Психолог пен бала бірге құмнан «Достық қаласын» тұрғызады. Ойын барысында психолог «Маған мына ойыншықты бересің бе?», «Бірге соғайық» деген сөздерді қолданады. Бала басқа біреудің еңбегін бұзбай, оған көмектесуді үйренеді.

Қорытынды: Бала бірлескен әрекетке бейімділік танытты, «менікі» дегеннен «біздікі» деген ұғымға көшті.

Ұсыныс: Топтағы басқа балалармен ойыншық бөлісуді ойын түрінде үйде де қайталау.

№14 ХАТТАМА

Күні: «6» 12.2024 ж.

Баланың аты-жөні: Газезов Ислам

Жұмыс бағыты: Түзету-дамыту жұмысы (Қорытынды).

Жұмыс түрі: Жеке ойын жаттығуы.

Тақырыбы: «Мен батырмын және мейірімдімін».

Мақсаты: 14 апталық жұмыстың нәтижесін қорытындылау, баланың бойындағы жағымды өзгерістерді бекіту, өзіне деген сенімділік ұялату.

Жүру барысы:

1. **Еске түсіру:** Психолог баламен бірге өткен апталардағы ең қызықты ойындарды еске түсіреді (доп лақтыру, құммен ойнау, сурет салу).
2. **«Нағыз батыр» жаттығуы:** Психолог: «Нағыз батыр – ол күшті адам. Бірақ ол күшін ешкімді ұруға жұмсамайды, керісінше кішкентайларға көмектеседі» деп түсіндіреді.
3. **Марапаттау:** Балаға «Мейірімді жүрек» немесе «Ең жақсы бала» деген төсбелгі (стикер) тапсыру. Онымен мақтанатынын айту.

Қорытынды: 14 аптаның қорытындысы бойынша баланың мінез-құлқындағы агрессивтілік көрсеткіші төмендеді, ұстамдылық пайда болды.

Ұсыныс: Жүргізілген жұмыстың нәтижесін сақтау үшін ата-анамен және тәрбиешілермен тұрақты байланыста болу.

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

«Суреттен не байқадыңыз?»

Педагог – психолог: Омаргалиева Г.Т.

«Суреттен не байқадыңыз?»



Жоғарыдағы суретке қарағанда ең бірінші қандай бейнені байқадыңыз?

Адамың басы - сіздің есте сақтау қабілетіңіз өте жақсы. Бұл өмірде өзіңізге қажетті мәліметтердің барлығын есте сақтай аласыз. Жақсы мен жаман адамдарды тез ажыратып, сізге деген көзқарасының қандай екендігін бірден анықтау қабілетіңіз бар.

Үй - үй шаруасын, тыныштықты, жылы қарым-қатынасты, махаббат пен мейірімділікті, ас дайындауды жақсы көретін сезімтал жансыз. Үйіңізге қонақ шақырып, дастарханды түрліше етіп безендіргенді жақсы көресіз. Достарыңызбен жиналғанда әңгіме-дүкен құруда алдыңызға жан салмайсыз.

Суретші - сіз шығармашылықтың адамысыз, ойыңызға келген қиялдарыңыздың барлығын жандандыра аласыз. Сіздің ең басты құралыңыз - ұшқыр қиялыңыз. Оның әрдайым дамуына жағдай жасап отырыңыз.

Тас - бірқалыпты өмір сүруді жақсы көретін, жаныңызға жақын адамдарға барынша адал жансыз. Өмірдің ағысымен асықпай жылжудасыз. Кейде елеулі өзгерістер де болып тұрады. Өміріңізді жаңа жылдық от шашумен салыстыруға болады. Тыныштық, артынша жойқын жарылыс.

Ағаштар - сіз әрдайым өсу үстіндесіз. Ақылыңыз, күш-қайратыңыз, шығармашылық белсенділігіңіз күннен-күнге толысуда. Бір орында тұрмай, дамылсыз жылжу үстіндесіз. Бұл қасиетіңізге қызғанышпен қарайтын адамдар жетерлік.

Уақыты: қазан

Тақырыбы: «Суреттен нені байқадыңыз?»

Нұсқау: Төмендегі суретке қарағанда нені бірінші байқадыңыз соны таңдап алыңыз.

Қатысқандар: 6 педагог

Қорытынды:

Зерттеуге қатысқан 6 тәрбиеші де тұлғалық және кәсіби тұрғыдан «жақсы» деңгейде. Олардың психологиялық саулығы тұрақты, шығармашылық қабілеттері жоғары және балалармен жұмыс істеуге қажетті гуманистік құндылықтарды толық меңгерген.

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Педагогтарға арналған психологиялық тест
Қарым-қатынасқа түсудің деңгейін бағалау
(В.Ф. Ряховскийдің тесті)

Дайындаған: Омарғалиева Г.Т.

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: Қарым-қатынасқа түсудің деңгейін бағалау (В.Ф. Ряховскийдің тесті)

Уақыты: сәуір

Қатысушы: 6 педагог

30-31 ұпай- сіз коммуникабельді емессіз. Сізге топпен атқарылатын жұмысты сеніп тапсыруға болмайды. Бұған қиналыс білдіресіз. Өзіңізді-өзіңіз қадағалап, ашылыңыз.

25-29 ұпай- сіз тұйық, жалғыздықты ұнататын болғандықтан достарыңыз аз. Жаңа жұмыспен жаңа қарым-қатынас орнату сіз үшін өте қиын. Бұны сіз білесіз және өзіңізге көңіліңіз толмайды.

19-24 ұпай- сіз көпшілсіз, өзге ортада да өзіңізді жақсы сезінесіз. Жаңа мәселелер сізді қорқытпайды. Дегенмен де, адамдармен сақтықпен араласып, пікір талас т.б. мәселелерге көп қатысып, кірісіп кетпейсіз.

14-18 ұпай- сіз орташа коммуникабельді адамсыз. Білуге құмар, тыңдап, қарым-қатынаста төзімді, пікіріңізді қызбаланбай айтасыз. Жаңа адамдармен кездескен сіз үшін маңызды, бірақ, шулы ортада болғанды ұнатпайсыз. Көп сөйлейтін, эксирвагентты тұлғалар сізге ұнамайды.

9-13 ұпай- сіз барлық іске кірісіп, кейде бұл жұмыс қолыңыздан келе ме, келмей ме, бұл жөнінде ойламайсыз. Осыған байланысты жолдастарыңыз сізге кейде күмәндана қарайды.

3 ұпайдан томен- сізде коммуникативтік қатынасыңыз ауру адамның белгілерімен сипатталады. Өз денсаулығыңызға назер аударыңыз, ойланыңыз.

Қорытынды: 6 тәрбиешінің де қарым-қатынас деңгейі қалыпты және жақсы. Олар ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге, балалармен және ата-аналармен конструктивті диалог орнатуға толық қабілетті. Коммуникативтік дағдылары бөбекжайдағы тәрбие-білім беру процесін сапалы жүргізуге мүмкіндік береді.

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Педагогтарға кеңес

«Балабақшадағы ойынның педагогикалық маңызы»

Дайындаған: Омарғалиева Г.Т.

2024-2025 оқу жылы

Балабақша балалары болашақ несі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танытын, өзінің тө мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты. Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады. Қазақ ауыз әдебиетіндегі, әсіресе, балалар фольклорын дамытушы негізгі бір сала – балалар ойыны. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К. Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен. Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыс, кейіптендіру ойындары болып бөлінеді. Мазмұнды-бейнелі ойында балалар ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады, оларды дайындау үшін еңбектенеді, ал еңбек ұжымдық іс-әрекетке біріктіреді және шығармашылық іс-әрекетке бағдарлайды, балалардың өзара қарым-қатынасын реттеп, олардың бойында адамгершілік сапаларды қалыптастырады. Бала алған рөлдеріне сай кейіпкердің киімін киіп, қимылын, дауыс ырғағын мәнерлі жеткізуге тырысады, көркемдік сабақтардан (ән-саз, бейнелеу өнері сабақтары) алған білімдерін пайдаланады, қуыршақты ұйықтату үшін бесік жырын айтып әлдилейді, бейнелеу өнері сабақтарында жасаған ыдыс, үй жиһаздарын, қағаздан құрастырған заттарды ойын құралы ретінде пайдаланады. Мазмұнды-бейнелі ойынның ерекшелігі: оны балалардың

өздері жасауында, ал ойын қызметі айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар қысқа да, ұзақ та болуы мүмкін. Құрылыс ойынында бала сызық бойына әдемі үй құрылысын жасап, оның бояуларының бір-бірімен келісімді болуын қадағалайды. Құрылыс материалдарын пішіні, түсі бойынша симметриялы орналастырып, оларды көлемі (кең, тар), биіктігі (биік, аласа) бойынша салыстырады. Ойын барысында шығармашылық танытып, жаңа мазмұн ойластырып, белсенділік көрсетеді. Өзінің және жолдастарының тұрғызған құрылыстарының сапасына баға береді. Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Ауызша ойналатын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш, келісімді білдіретін дауыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі. Ертегі немесе әңгіменің мазмұны бойынша бөлек-бөлек суреттерді пайдаланғанда оларды белгілі бір тәртіппен жинау үшін байқағыштық пен тапқырлық көрсетеді. Қимыл-қозғалыс ойынында балалар санамақтар, өлеңдер, тақпақтар қолданады. Бұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, батылдық, тапқырлық, қайраттылық, достық, жолдастық көмек, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапалар тәрбиеленеді. Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген ынтасын, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандыратындықтан, ойынның қай түрі болсын балалардың адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды рөл атқарады. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынды зерттеу мәселесімен тек психологтар мен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар және өнер қайраткерлері мен бала тәрбиесін зерттейтін ғалымдар да шұғылданды. Көптеген балалар жазушылары бала ойынының психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы суреттегені де мәлім. Адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі – ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында шындықтың көрінісі, оның бейнелі сәулесі қылаң береді. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну,

қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүнгиді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Қазір бізге жеткен ойындарымыз: тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары. Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Қорыта келе, ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Тәрбиешілерге арналған кеңес
«Отбасы баланың көзімен»

Дайындаған: Омарғалиева Г.Т.

2024-2025 оқу жылы

«Отбасы баланың көзімен»

Кішкентай бала үшін бүкіл әлем ол оның отбасы. Ол үйінде өзін қалай көреді? Ол бала ата – анасын яғни мамасын, папасын, олардың қарым – қатынасын қалай қабылдайды? Кішкентай баланың көзқарасымен үлкендер әлемін қалай көруге болады? Ол үшін сізге «Жанұя суреті» әдістемесі көмектеседі.

«Жанұя суреті» - кіші мектепке дейінгі жастан бастап көптеген психологтар осы белгілі әдістемені қолданады. Бұл әдістеме отбасындағы қарым – қатынас қиындықтары мен эмоционалды мәселелерді көрсетуге бағытталған. Суретте олар сөзбен айта алмай қиналып жүргендерін сурет арқылы шығарады.

Психодиагностикалық мақсатта жанұя суретін қашан және кім ұсынғаны жөнінде зерттеушілердің ортақ пікірі жоқ. Өткен ғасырдың 30- шы жылдары осы әдістемені американдықтар да, еуропалықтар да және ресейлік ғалымдар да өңдеп шығарды.

«Жанұя суреті» әдістемесін көптеген танымал зерттеушілер өздерінің тәжірибесінде қолданды, олар: А.И.Захаров, Е.Т. Соколова, В.С. Мухина, А.С. Спиваковскаялар. Қазіргі кезде бұл әдістеме тек шет елдер де емес, сонымен қатар ресейде де және қазақстандық психологтардың арасында да танымал әдістеме.

«Жанұя суреті» әдістемесінің көптеген интерпретациялары бар. Бұл әдістемені белгілер арқылы талдау тек психологтардың ғана емес, сондай ақ психологиялық білімі жоқ адамдар да талдай алады. Алайда, бұл әдістеме баланың ақыл – ойы мен оның мектепке даярлығы немесе даяр емес екеніне баға бермейді.

Бұл әдістемені шамамен 4-5 жастарда бала адамның басы мен үстін сала алған кезде ғана бағалауға болады. Дәл осы кезден бастап аталған әдістемені қолдануға болады. Суреттегі жансыз заттарға да назар аударыңыз. Суреттегі жиһаздар, ойыншықтар, теледидар, телефон, олардың барлығы салынған адамға қатысын білдіреді. Бұл жерде баланың салғаны дұрыс. Үлкендер «ойыншықтарға» эмоционалды түрде бауыр басып қалғанын көрсете бермейді. Ал егер сіз суреттен папасының жартысын ғана көріп тұрсаңыз, мысалы папасының немесе мамасының жартысы машина ішінде, не телефонмен сөйлесіп отырғанынын салса, онда папасының қанша уақытын машинада, мамасы қанша уақытын телефонда өткізетінін, ал баламен қанша уақытын, бір – бірімен қанша уақытын өткізетінін көру қиынға соқпайды.

Суретке қарап тұрып суретті тұтастай көріңіз. Ең алдымен көзге не түсетінін, кім немесе не бірінші сізге үлкен болып көрінетініне назар аударыңыз? Адамның салған көлемі баланың сол адамға деген жанының

жақын екендігін, сол адамға деген қатынасын көрсетеді. Жоқ персонаждарға да назар аударыңыз. «Кішкентай інімді мен салуға ұмытып кеттім», «Папаны салуға орын жетпей қалды» деген сөйлемдер сізді шатастырмауы керек. Яғни мұнда кішкентай інісіне қызғаныш тудырады, ал папасымен эмоционалды байланыс жоқ. Егер салып отырған автордың өзі жоқ болса, онда баланың өзіне жақын адамдармен қатынасында өзіндік көрінетін қиындықтар бар ма деген ойларды ойлап талдау керек. Мысалы «Мені мұнда байқамайды», «Маған мұнда орын жоқ» т.б.

Жоғардағы айтылған ережелерге сүйене отырып, әрбір педагог суретті белгілер арқылы талдай алады. Баланың жаны мен оның мәселесін түсіне алады. Бала мен ата – ана қарым – қатынасындағы жағдайлардың барлығын сурет арқылы көре алады.

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Педагогтерге арналған психологиялық тренинг

«Көтеріңкі көңіл-күй жанға қуат береді»

Дайындаған: Омарғалиева Г.Т.

«КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ-КҮЙ-ЖАНҒА ҚУАТ БЕРЕДІ» (педагогтарға арналған психологиялық тренинг)

Мақсаты: тренингке қатысушылардың эмоционалдық көңіл-күйін көтеру, шаршағандықтарын басу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру,

Қажетті құралдар: қағаз, қалам, маркер, қарындаш

Өтілу барысы:

1. Кіріспе
2. «Серіктесін сипаттау»
3. «Шыбын» жаттығуы
4. «Сіз қандай жұмыскерсіз?» жаттығуы
5. Миға шабуыл
«Жан күйзелісті қалай женуге болады?»
6. «Мұздақ» жаттығуы («Балмұздақ»)
7. «Қағаз шарлары» ойын жаттығуы.
8. Би-ойын
9. «Сүйікті өзіме хат»

1. Кіріспе сөз.

Құрметті тренингке қатысушы мұғалімдер! Қазір өткелі отырған *«Көтеріңкі көңіл-күй – жанға қуат береді»* атты тренинг сабаққа қош келдіңіздер!

Сабаққа көтеріңкі көңіл-күймен қатысып, қызықты өткізейік.

2. Тапсырма: «Серіктесін сипаттау»

Педагогтар өз аты - жөнін көрсетпей өз серіктесін сипаттап жапырақшаға жазу керек. Жазып болған соң, жүргізуші бір - бір жапырақтан оқиды. Педагогтар сипаттау бойынша педагогты табу керек.

4. «Шыбын» жаттығуы

Мақсаты: бет бұлшықеттерінің кернеуін жеңілдету.

Ыңғайлы отырыңыз: қолдарыңызды тізелерге, иықтарыңызға және бастарыңызға еркін қойыңыз, көздеріңізді жұмыңыз. Елестетіп көріңізші, шыбын сіздің бетіңізге қонуға тырысады. Ол мұрнына, содан кейін аузына, содан кейін маңдайына, содан кейін көздеріне отырады. Сіздің міндетіңіз: көзіңізді ашпастан, тітіркендіретін жәндіктерден аулақ болыңыз.

4. Сіз қандай жұмыскерсіз?

Олай болса келесі жаттығуымыз *«Сіз қандай жұмыскерсіз»* деп аталады.

Мына суретте аттың сұлбасы салынған. Сол суреттің сырт келбетін аяқтау және жанына қажет фонды салу. Жылқыға жағымды, жайлы жағдай жасау.

Бейнеленген жылқының сырт келбетіне қарап, қатысушылардың қандай жұмысшы екенін көруге болады.

1. Егер сіз аттың сыртқы негізгі бөліктеріне көңіл аударсаңыз (жалына, тұяғы мен құйрығына) онда сіз еңбек ете білесіз. Бірақ іскер емессіз.
2. Егер сіз аттың бет-әлпетіне көп назар аударсаңыз (көзіне, аузына, мұрнына, кекіліне және т.б. суретін салсаңыз), онда сіз жұмысқа қияли қатынастасыз, сізде толықтай елесті үмітіңіз енді құралған және құбылмалы үміт. Мүмкін сіз жас шығарсыз, әлі тәжірибе жинай қоймаған боларсыз, онда уақыт келе сіздің қалыптасуыңыз қалпына келеді. Егер сіз ержеткен адам болсаңыз, онда ынтыққындығыңыз бұл мінездеріңіздің бір қасиеті.

3. Егер әрбір түгін салуға тырыссаңыз, болар-болмасқа көп көңіл аударсаңыз, онда аңғарпаздығыңызды көрсетеді, қарқынды жұмыс істегенді ұнатасыз, өзгеге де өзіңізге де ұқыпты және ұстамдысыз. Сізге сенім артуға болады, бастаған істі ешқашан аяқтамай қоймайсыз. Сізбен бірге жұмыс істеген өте қиын, барлығын өзіңіздің білгіштігіңізбен және ұсақ түйектеріңізбен шеттетесіз.
4. Егер сіз атқа өзіңіздің атыңызды, көгалда немесе егістікте орналастырсаңыз, онда сіз ыңғайлы жерде жұмыс істеуге ұмтыласыз, тәуелді болғанды ұнатпайсыз және бағынышты болғанды бағалайсыз.
5. Егер сіз атқа ауыздық немесе ертоқым салсаңыз, онда сізге қысыммен жұмыс ісеуден арылу керек, сіз кез-келген басшыға солай болуы тиіс деп бағынуға дайынсыз. Сіздің атыңыздың жібі қаншалықты ұзын болса, онда ауыр және ыңғайсыз жағдайда жұмыс істеуге үйренгенсіз. Мүмкін сіз, басқаша болатынын өзіңізге елестете алмайтын да шығарсыз.
6. Егер сіз аттың үстіне адамды салып қойсаңыз, онда берілген бұйрықты орындауға үйренгенсіз, өз бетіңізбен жұмыс істеуге әдеттенбегенсіз. Сізге біреудің басшылық жасағаны, жай тапсырма беріп қоймай белгілі бір жұмыс түрін тапсырғаны ұнайды.

5. Миға шабуыл

«Жан күйзелісті қалай жеңуге болады?» (Стресс жағдайында өзін-өзі реттеу әдістері). Стресске қарсы жаттығулар

Жаттығу. «Дыбыстық жаттығу»

Мақсаты: дыбыстық гимнастикамен таныстыру, рух пен дененің тынығуы.

Дыбыстық жаттығуды бастамас бұрын, жүргізуші жаттығу ережесін түсіндіреді: өзімізді бірқалыпты, жайлы сезінеміз, тік тұрамыз, арқамызды тік ұстаймыз.

Алдымен мұрнымызбен терең дем аламыз, ал дем шығарғанда дыбысты қатты әрі қуатты етіп шығарамыз.

Келесі дыбыстарды «әндетіп» айтамыз:

А – барлық ағзаға жайлы әсер береді;

Е – қалқанша безге әсер етеді;

И – миға, көзге, мұрынға, құлаққа әсер етеді;

О – жүрекке, өкпеге әсер етеді;

У – асқазан маңындағы ағзаларға әсер етеді;

Я – барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;

М – барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;

Х – ағзаның тазаруына көмектеседі;

ХА – көңіл - күйді көтеруге көмектеседі.

«Мұздақ» жаттығуы («Балмұздақ»)

Мақсаты: бұлшықет кернеуі мен релаксация күйін бақылау.

Орныңыздан тұрып, қолыңызды жоғары көтеріп, көзіңізді жұмыңыз. Сіз мұздақ немесе балмұздақ екеніңізді елестетіп көріңіз. Денеңіздің барлық бұлшықеттерін қатайтыңыз: алақандар, нықтар, мойын, дене, асқазан, бөкселер, аяқтар. Бұл сезімдерді есіңізде сақтаңыз. Өзіңізді мұздатыңыз.

Содан кейін, күннің жылуы әсерінен сіз баяу ери бастайды деп елестетіңіз.

Біртіндеп қолды, содан кейін нықтың, мойынның, дененің, аяқтың және т.б.

Релаксациядағы сезімдерді есте сақтаңыз. Жаттығуды оңтайлы психо-

эмоционалды жағдайға дейін орындаңыз. Жаттығуды қайтадан орындаңыз.

«Қағаз шарлары» ойын жаттығуы.

Бізде жағымсыз эмоциялар жинақталмауы үшін, оларға реакция жасау керек.

Бұған «Қағаз доптары» ойыны көмектеседі. 2 командаға бөлінді. Газеттерден

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Педагогтерге арналған тренинг

«Эмоция әлемі»

Дайындаған: Омарғалиева Г.Т.

Мақсаты: Қатысушыларды «эмоционалдық иілгіштік», «эмпатия», «экспрессия» ұғымдарының мазмұнымен таныстыру, эмпатия мен экспрессияның «алдын алудағы» маңызын түсіндіру, өзінің эмпатиялық-экспрессиялық қорын түсінуге көмектесу, эмоциялық иілгіштігін дамытуға деген қызығушылықтары мен құлшыныстарын ояту.

Қажетті құралдар: ұнтаспа.

Барысы

Кіріспе бөлім

Амандасу: ойын «Атомдар»

Қатысушылар музыка ырғағымен бар кеңістікте қозғалып жүреді. Музыка тоқтағанда жүргізуші атомдар екі-екіден деп айтса екі адамнан бірігіп тұра қалады. Ал атомдар үш-үштен десе үш кісіден бірігіп тұра қалады т.с.с.

Жаттығу «Сезімдер көрінісі»

Жүргізуші әдетте эмоциялық мимикамен, қимылмен, ырғақпен айтылатын бегілі бір сөзді айтады. Ал қатысушылар осы сөздің шын мағынасын және оның қай уақытта айтылатындығын, сонымен қатар осы сөзді айтқан адамның сол кездегі сезімдерін ашып берулері керек. Мысалы: «Сіз ғана осы жерде жетіспей едіңіз!», «Ойбай, шошыттың ғой мені!». Әрі қарай қатысушылар осындай мысалдарды өздері келтіреді. Осы сөзі шетелдіктер қимылды көріп қалай түсінетіндігі немесе кішкентай балалар қалай түсінетіндіктері талқыланады. Сонымен қатар сөзден басқа қандай жолмен ақпаратты жеткізуге болатындығы әңгімеге салынады. Айтылған ойларды қорытындылай келе жүргізуші педагогқа эмоциялық мәдениеттің қаншалықты қажеттігін баса айтады.

Негізгі бөлім

Педагогтың жемісті еңбегі бұл – эмоциялық тұрақтылықпен тікелей байланысты. Эмоциялық тұрақтылықты көтеру эмоционалдық иілгіштікке, яғни өзгені түсіне білуге, өз ойын барабарлық (адекваттық) түрде жеткізе білуге өтуге мүмкіндік беретін эмоциялық мәдениетті көтеруге әсер етеді. Сонымен мәселе эмпатия мен экспрессия жайында болады. Эмоциясы енжар педагог ашық эмоциясы жоқ болып көрінеді және бұл жағдай балаларды түрлі жаман әрекеттер жасауға итермелеп, келеңсіз оқиғалардың тууына себепкер болады. Неліктен балалар өздерінің нашар қылықтарымен педагогтан өздеріне таныс мимикаларды, қимылдарды шығарып алуға тырысатындықтарын талқылау. Көбінесе, ересек адамдар сұсты болып көріну арқылы балаларды тәртіпке келтіруге болады деп есептейді (қатысушылар осындай бейнені келтірту). Кейіннен бұл бейне педагогтың жүзінен ұзақ уақытқа орын алып, педагогтың барлық қылықтарына басшылық жасайды (осындай бейне жасап отырған адамның сезімдері жайында қатысушыларға айтқызу). Бұл қандай қылықтар? Күмәндану, сенбеу, қызбалану. Осының барлығы балаалрға беріледі. Балалар да педагогқа осындай қылықтармен жауап береді. Экспрессия бұл – шынайы сезімдерді жандандыру. Ол шығармашылықтың оянуына, бастамашылық көрсетуге, эмоциялық байланысты жеңіл орнатуға, жағдайдың өзгерісін байқай алуға және өзінің педагогикалық әсер ету стратегиясын өзгерте қоюға әсер етеді. Эмоциялық иілгіштіктің екінші бір құрамдас бөлігі бұл – эмпатия. Бұл өзге адамның эмоциялық жағдайын түсіне білу қабілеті. Эмпатиясы бар педагог ешуақытта педагогикалық мәдениетсіздікке жол бермейді. Педагогтың балаға деген эмпатиялық қарым-қатынасы және осы қарым-қатынастың экспрессивті көрінісі баланың өзіндік бағасының көтерілуіне, жағымсыз жағдайларды азайтуына әкеледі.

Жаттығу «Сүйіспеншілікке толы көзқарас»

Мақсаты: өзінің эмпатиялық-экспрессивтік қорын сезіну.

Қатысушылардың ішінде бір адамды сыртқа шығарады. Қалған адамдардың ішінен оған сүйіспеншілікпен қарайтын бір адам таңдалынады. Сыртқа шыққан адам кірген кезде, оның мимикасынан кім екенін тауып алуы керек. Өзгертуге де болады, ұнатпаған кейіп таныту

т.с.с.(Талқыға салу, дұрыс табуға не көмектесті, сол сезімді білдіретін бейнені қалай жасады).

Жаттығу «Сөйлейтін және үндемейтін айна»

Мақсаты: эмпатия мен экспрессияның сөздік және сөздік емес қабілеттерінің дамуы.

Қатысушылардың біреуі ортаға орындыққа отырады. Бұл негізгі ойыншы, ол айнаға қарап өзінің артында кім тұрғанын анықтайды. Екінші ойыншы бірінші ойыншының артына тұрады. Айнаны кетіретін екі ойыншы бірінші ойыншының алдына тұрады. Оның біреуі үндемейтін айна, ол негізгі ойыншының артында тұрған адамның көрінісін мимикамен, қимылмен береді. Екінші айна сөйлейтін айна. Ол негізгі ойыншының артында тұрған адамды сөз арқылы бейнелейді. Бірақ есімін, тануға мүмкіндік беретін киімін айтпайды. Жаттығуды үндемейтін айна бастайды. Егер негізгі ойыншы артында кім тұрғанын таба алмаса, сөйлейтін айна қосылады. Ол артта тұрған адамға тән немесе ол жиі қолданатын бір сөзді айтады. Негізгі ойыншының мақсаты - артында тұрған адамның кім екенін тез тауып алу. Қатысушыларды ауыстыру.

Жаттығу «Күтпеген қонақ»

Мақсаты: экспрессияны дамыту

Қатысушылар екіге бөлініп, екі шеңбер құрап, екі-екіден бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Ішкі шеңбер және сыртқы шеңбер. Ішкі шеңбердегілер үйдің иесі, сыртқы шеңбердегілер күтпеген келген қонақ. Барлығы жұптасып тұрып болғаннан кейін жүргізуші кім келгенін айтады. Ішкі шеңбер тапсырманы орындауына байланысты қозғалып отырады. Жүргізуші болса, тағы кім келгенін хабарлап отырады. Мысалы: тәртіп сақшысы, алыстағы туысың, көрші т.с.с. Өз көңіл-күйіңді экспрессияның қандай түрлерімен жеткіздің және не қиын болғанын айтып, жаттығуды талқылау.

Қорытынды

Қатысушылар шеңберге тұрады да келесі сөйлемдерді жалғастырады «Мен үшін бүгін күтпеген жағдай болды», «Мен бүгін естігенімді бұрын да білетінмін, бірақ»
Рефлексия.

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Педагогтерге арналған кеңес
«Мектеп жасына дейінгі балалар мен психодиагностикалық
жұмыстарының негізгі принциптері»

Дайындаған: Омарғалиева Г.Т.

2024-2025 ж.

Мектепке дейінгі кезеңде балалар психологиялық және мінез-құлықтық жағынан ерекшеліктерді меңгере бастайды, ал психодиагностикалық зерттеуде осы қажеттіліктерге сәйкес нақты көрсеткіштер арқылы білім алынады. Мектепке дейінгі кезеңдегі нормативті жас және жекелік даму ерекшелігінің көрсеткіштері:

- Психологиялық көрсеткіштер: Шындықпен өзара қимыл (танымдық, эмоциянальды және рефлексивті даму) жағдайы. Мотивациялық –қажеттілік өрісі; Құндылық жүйесі (адамгершілік көзқарас). Жас ерекшелік (әрекет түрлері: жемісті және процесті). Жекелік –эмоционалды ерекшелік.
- Психофизикалық көрсеткіш: жылдамдық, бейімділік, нерв жүйесінің біркалыптылығы.
- Психологиялық –педагогикалық өзара қимыл ерекшелігі жас ерекшеліктік өзара қатынас.

Өзіндік сана төменгі деңгейде көрінеді, сондықтан аса назар аудару көзделмейді. Мектепке дейінгі кезеңде психодиагностиканы қолдану жас кезеңдері:

1. Сәбилік кезең (1-3жас)
2. Кіші және орта кезең (3-5жас)
3. Мектеп алды даярлық (5-7жас)

Сәбилік шақта басты психодиагностикалық әдіс «табиғи эксперимент». Баланың реакциясы мен қимылын бақылау арқылы анықталады. Мәлімет жинау «заттық ойын» әрекетінде көп қарастырылады.

Кіші және орта жаста (3-5 жас) бақылау жекелік «заттық әрекеттен» күрделеніп, ұжымдық түрге сюжеттік –рөлдік ойынға ауысады. Психологтың өзі бұл ойындарды ұйымдастырып жетекшілік ете алады. Осы жаста өзіндік сана және бағалау (достармен, үлкендермен) деңгейі көтеріледі.

Жоғарғы мектепке дейінгі кезеңге (5-7жас) жоғарғы айтылған ойындарға қоса, ойын ережелері «телімелі» тест варианттары, эксперт әдістері беріледі. Тұлғааралық әрекет және бағалау қосылады. Танымдық процестерге қарапайым психодиагностикалық әдістемелер және рефлексивті қабілетке байланысты тапсырмалар қолданылады. Қалыпты психодиагностикалық кешен психодиагностикалық жекелік картасына көрсетіледі.

Мектепке дейінгі кезеңде қолданылатын арнайы тестік ереже:

Психолог пен бала арасындағы кеңістікті бірдей ұстау (көзбен көз)

Әрекетті таңдау өрісінің еркін көрінуі (ойын, сурет, қарым –қатынас).

Тесттегі әрекет өрісінің алмастырыла қолданылады (қарым-қатынас құрастыру, қимыл –сурет).

Тест өткізгенде уақыт шектеледі (жас ерекшелігіне қарай 7-30мин дейін)

Интеллектуалды қысымды алмастыру вербальды және вербальды емес жүйеде.

Жеке бас дамуы телімелі әдісте эмоционалды қысым қысым экспрессивті және ассоциативті құрал ретінде.

Текстті қайталау жалпы диагностикалық бағытта әдістемелік құралдар арқылы нәтижені береді, тест құрамын өзгерту.

2. Психодиагностикалық талдау жүргізуге қойылатын. әдістемелер.

«Мүсін» әдістемесі

Әдістеме мазмұны : Балаға саз балшық жинағы беріледі және тапсырма ұсынылады: 5 минут ішінде қандай да бір мүсін жасау.

Қиялды психодиагностикалау әдістемесінде баланың қиялының дамуын оның суреті, әңгімесі арқылы бағалаады. Берілген таңдау осы жастағы балаға тән: көрнекі -қимылды, көрнекі –бейнелі және сөйлемде –логикалық ойлау түрлерін анықтайды. Баланың қиялы шығармашылық әрекеттерге сәйкес толық көрінеді.

Баланың қиялы алдыңғы әдістемелер сияқты 0 ден 10 ұпайға дейін бағаланады.

- ұпай: егер тапсырманы орындауға берілген уақытта (5мин) ештеңе ойлап таба алмаса және қолымен жасай алмаса қойылады..

2-3 ұпай: саз балшықтан өте қарапайым бір нәрсені ойластырып және илеу. Мысалы: шарик, таяқша, төртбұрыш және т.с.с.

4-5 ұпай: ол салыстырмалы түрде қарапайым жасанды жасайды, бөлшектер екі-үшеуден аспайды.

6-7 ұпай: ерекше бір нәрсені ойлап тауып, қиял ұшқырлығымен ерекшеленеді.

8-9 ұпай: ойлап тапқан зат жеткілікті керемет, бірақ ұсақ бөлшектерді жасау ескерілмеген.

10 ұпай: ойлап тапқан зат керемет, ұсақ –түйектері орындалған және жақсы суретшілік талғаммен ерекшеленген.

Даму деңгейі туралы қорытынды

10 ұпай: баладағы қиял түріне сәйкес дамыған әрекет түрін дәлелдейді,. Мұндай бала, сөзсіз мектепте оқуға дайын.

8-9 ұпай: бала мектепте оқуға жеткілікті дайын.

6-7 ұпай: бала мектепте оқуға қанағаттанарлықтай дайын.

4-5 ұпай: баланың мектепте оқуға дайындығы жеткіліксіз екендігін айтады.3 3 және одан да төмен ұпай көбінесе баланың мектепте оқуға дайын еместігін білдіреді.

Өз ойыңнан сурет сал

Мақсаты: Баланың шығармашылық қиялын анықтау

Нұсқау: Балаға бір парақ қағаз, түрлі-түсті қаламдар беріліп, өз ойынан ерекше бір нәрсенің суретін салу ұсынылады. Тапсырманы орындауға 4 мин уақыт беріледі. Төмендегі белгілер бойынша салынған суреттің сапасы бағаланады. Осындай бағалардың негізінде баланың шығармашылық қиял процесінің даму ерекшелігі туралы нәтиже жасалынады.

Нәтижені бағалау:

10 ұпай – бала берілген уақыт ішінде ғажайып сирек кездесетін сурет салды, ол қиялының бай екендігін дәлелдейді. Сурет көрермендерге үлкен әсер береді, ондағы бейнелер мен бөлшектер мұқият таңдалынған.

8-9 ұпай – бала белгілі дәрежеде қияли деңгейде эмоционалды және көркем сурет ойлап тауып салған. Алайда бейнеленгенді мүлдем жаңа деп санауға болмайды. Суреттің бөлшектеріне өз ойын жеткізген.

5-7 ұпай – баланың ойынан шығарған суретін толықтай жаңа деп есептеуге болмайды, бірақ та шығармашылық қиялдың элементтері бар, көрермендерге белгілі дәрежеде эмоционалды әсерлер тигізеді. Суреттің бейнелері мен бөлшектері орташа анықталған.

3-4 ұпай — бала өте қарапайым, өзгеше емес нәрселердің суретін салған және қиялы жұпыны, бөлшектері онша жақсы анықталмаған, анық емес.

0-2 ұпай – берілген уақыт ішінде бала ешнәрсе ойластыра алмай, тек бөлек сызықтар ғана салған.

Даму деңгейінің нәтижелері:

10 ұпай — өте жоғары

8-9 ұпай – жоғары

5-7 ұпай – орташа

2-3 ұпай – төмен

- ұпай — өте төмен

Қиял дамуына арналған әдістеме

Мазмұны :Қиял баланың фантазиясының даму деңгейімен анықталады және ол ертегілер, суреттер және шығармашылық қабілеттің дамуында көрінеді.

Балаға кім немесе не туралы болсын, әңгіме құрауға тапсырма беріледі. Ойланып, әңгіме құруға 1 минут, ал оны қайталап айтуға 2 минут уақыт беріледі.

Қорытынды баға

Бұл әдісте баланың қиялының даму дәрежесі төмендегі шамалар бойынша бағаланады:

1. Әңгімені ойлану жылдамдығы;
2. Әңгіменің өзіндік құрылымы, ерекшелігі;
3. Әңгімеге пайдаланған бейнені түрлендіру;
4. Әңгімеде алынған бейнені анықтауы және талдауы;
5. Әңгімеде алынған бейненің сезімділігі, әсерлілігі;

Әрбір көрсеткіш бойынша төмендегі тәртіппен 0,1 не 2 балл қойылады:

- параметр бойынша:

- а) Егер бала әңгіме құруға 30 сек уақыт жұмсаса –2 ұпай
- б) 30 секундтан 1 минутка дейін уақыт жұмсаса –1 ұпай
- в) 1 минут ішінде әңгіме ойлап таба алмаса – 0 ұпай

2 – көрсеткіш бойынша:

- а) Егер бала бұрын көргенін, не естігенін карапайым және жаттанды түрде әңгімелесе –0 ұпай
- б) Бұрын көргеніне, не естігеніне өз ойын қосса – 1 ұпай
- в) Әңгіменің құрылымы мен ерекшелігін түгел өзі ойлап тапса –2 ұпай

3 – көрсеткіш бойынша:

- а) Егер бала әңгіменің басынан аяғына дейін бір кейіпкердің (жағдайын, затын) мінез-құлқын жалаң түрде қайталап айта берсе – 0 ұпай
- б) Әңгімеде әртүрлі бейне қолданса, 2-3 кейіпкер кездессе және оларға әртүрлі мінездеме берілсе – 1 ұпай
- в) Әңгімеде 4 және одан да көп кейіпкерлер болса және әңгімелеуші оларға әртүрлі бағытта мінездеме берсе – 2 ұпай

4 –көрсеткіш бойынша:

- а) Егер бала әңгімеде кейіпкерді атап қойып, оған қосымша мінездеме бермесе – 0 ұпай
- б) Әңгімеде кейіпкерді атаса және басқа 1-2 белгі көрсетсе –1 ұпай
- в) Әңгімеде айтылған затты үш және одан да көп белгімен мінезделсе – 2 ұпай

5 – көрсеткіш бойынша:

- а) Егер әңгімедегі бейне тыңдаушыға ешқандай әсер қалдырмаса, әңгімелеуші өз тарапынан ешқандай сезім тудырмаса –0 ұпай
- б) Әңгімелеуші өз сезімін жеткізе алмаса, тыңдаушы оны әсерсіз қабылдаса –1 ұпай
- в) Әңгімелеуші әңгімесін үлкен сезіммен, мәнерлеп жеткізсе және тыңдаушыларға жақсы әсер қалдырса –2 ұпай

Қиял деңгейінің көрсеткіші

10 ұпай — өте жоғары

8-9 ұпай – жоғары

4-7 ұпай – орташа

2-3 ұпай – төмен

- ұпай — өте төмен

«Ойын ойлап тап»

Мазмұны : Бала қиялының даму деңгейін анықтауда 5 минуттың ішінде қандай да бір ойынды ойлауға тапсырма алады және ол жайлы толық әңгімелейді және зерттеушінің келесі сұрақтарына бала жауап береді:

1. Ойын қалай аталады ?
2. Ол неден тұрады ?
3. Ойынға қанша адам қатысады ?
4. Ойынға қатысушылар қандай рөлді атқарады ?
5. Ойын қалай өтеді ?
6. Ойынның ережесі қандай ?
7. Ойын немен аяқталуы тиіс ?

8. Ойынға қатысушылардың жеке жетістігі және ойынның қорытындысы қалай бағаланады ?

Қорытынды баға

Баланың сөйлегені емес, оның ойының мазмұны бағаланады. Балаға сұрақ қойып, қарым-қатынас жасағанда міндетті түрде көмектесе отырып, жетекші сұрақтар қою қажет, бірақ жауабын айтпау керек.

Берілген әдісте бала ойының мазмұны келесі амалмен бағаланады:

1. Ерекшелігі мен жаңашылығы
2. Шартын ойланып беруі
3. Оның әр түрлі ойынға қатысушыларына түрлі рөлдерді беруі.
4. Ойында белгілі бір ережелердің болуы.
5. Жүргізілетін ойынның жетістігін дәл бағалау жолы.

Баланың ойлап тапқан ойыны әр амалдармен бағаланады.

0 ұпай — жоғарыда көрсетілген бес амалдың ойында біреуінің толық жоктығын білдіреді.

- ұпай – берілген белгілер бар, бірақ нақты емес.
- ұпай – ойынға сай, лайықты белгілер анығымен көрсетілген

Барлық осы амалдар мен белгілерден құралған ойын 0 ден 10 ұпайға дейін бағалануы мүмкін. Осы ұпай арқылы бала қиялының даму деңгейі қорытындалады.

Даму деңгейінің қорытындысы.

10 ұпай — өте жақсы

8-9 ұпай – жоғары

6-7 ұпай – орташа

4-5 ұпай – төмен

0-2 ұпай — өте төмен

«Есте сақта және нүктені орналастыр»

Мақсаты: Берілген әдістеме көмегімен бала зейінінің көлемі бағаланады.

Қажетті

құралдар: Бейнеленген суреттер, ынталандыру материалы қолданылады.

Жүргізілуі: Нүкте салынған қағазды алдын ала кішкентай етіп 8 төртбұрышқа бөлеміз, содан соң олардың қатар-қатар орналастырамыз, орналастырғанда жоғарғы жағындағы екі нүктесі бар төртбұрыш орналасу керек, ал төменгі жағында 9 нүктесі бар төртбұрыш орналасу керек.

Нұсқау: «Қазір біз зейінге байланысты ойын ойнаймыз. Нүкте салынған кестелерді бірінен-соң бірі көрсетіледі. Кестедегі нүктелерді дәл сол көрсетілген орнына бос клеткаларға белгілейсіз».

Әрі қарай балаға жүйелі түрде 1-2 секундта 8 кестенің әрқайсысын жеке, кезекпен жоғары көтеріп, қайтадан төмен түсіріп, әр кестені көргеннен кейін, бала көрген нүктені есінде сақтап, келесі бос кестеге түсіруі керек. Орындауға 15 секунд беріледі. Бұл уақыт балаға әр тапсырманы нүктенің қай жерде тұрғанын есте сақтап, келесі кестеге түсуіне беріледі.

Қорытынды баға

Бала зейінінің көлемі нүкте санының жоғарғы санымен есептеледі, баланың қандай да болмасын кестені дұрыс еске түсіруі (ең жоғарғы нүкте саны бар және қатесіз еске түсірген кестесі таңдап алынады). Эксперименттің қорытындысы ұпайлық жүйемен бағаланады.

Тапсырма	Ұпай
Бала 6 және одан да көп нүктені еске түсірсе	10
Бала 6 және одан да аз нүктені еске түсірсе	8-9
Бала 4 және одан да аз нүктені еске түсірсе	6-7
Бала 3 және одан да аз нүктені еске түсірсе	4-7
Бала 1 нүктені еске түсірсе	0-3

3. Психодиагностика жүргізуге қойылатын кәсіби этикалық талаптар

Психодиагностика жүргізу – психологтан өте үлкен жауапкершілікті талап ететін қызмет. Ол психологиялық мамандық білімді, кәсіби шеберлікті, әлеуметтік-этикалық ұстамдарды қатал сақтауға негізделеді. Осы талаптар психодиагностика жүргізуге қойылатын ұстамдарда көрсетілген.

1. Құпия сақтау ұстанымы. Бұл талап бойынша зерттеу нәтижелерін зерттелінушінің келісімсіз ешкімге айтуға болмайтындығын болжамдайды. Егер зерттелінуші кішкентай бала болса, онда зерттеу нәтижелері ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдардың келісімі бойынша басқаларға жарияланады. Егер зерттеу нәтижелері ғылыми еңбектерде пайдаланылатын болса, зерттелінушілердің аты-жөні өзгертіліп көрсетіледі.

2. Психодиагностикалық әдістердің ғылыми негізделгендігі ұстанымы. Барлық пайдаланған психодиагностикалық сенімді және баламалары болуы керек. Бұл ұстаным психодиагностикалық әдістемелерді пайдалану нәтижесінде жиналған мәліметтер ақиқатқа сай келетіндігінің кепілі болады.

3. Зерттелінушіге зиян келтірмеу ұстанымы. Психодиагностикалық зерттеу нәтижелерін еш уақытта зеріттелінушіге қарсы әрекет жасауға пайдалануға толық тыйым салынады. Егер психодиагностика нәтижелері талапкерді бір жұмысқа іріктеп алу үшін пайдаланылатын болса, онда жеке тұлғаға қандай талаптар қойылатыны, психологиялық қасиеттерді бағалау үшін қандай әдістермен, қандай көрсеткіштері бағаланатыны туралы зерттелінушіге алдын-ала толық мәлімет беру керек.

4. Қорытындылар мен ұсыныстардың объективтігін қамтамасыз ету ұстанымы. Бұл ұстаным бойынша психодиагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша анықталған психологиялық диагноз алынған нәтижелерге сай қойылуы керек. Зерттелінуші туралы қалыптасқан пікірді отырып зерттеу нәтижесіне тура келмейтін мінездеме беруге толық тыйым салынады.

5. Ұсыныстардың тиімділігі ұстанымы. Психодиагностикалық зерттеу нәтижесі бойынша жасалған ұсыныстар зерттелінушіге пайдалы болуға тиісті. Зерттелінуші пайдалана алмайтын немесе нәтижесі ескіталай болатын ұсыныстар жасауға тыйым салынады.

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Ата-аналарға арналған сауалнама
«Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?»

Дайындаған: Омарғалиева Г.Т.

2024-2025 ж

Жүргізілген жұмыс: сауалнама

Жүргізілген уақыты: қыркүйек

Сауалнама атауы: «Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?»

Мақсаты: балалардың балабақшаға қызығушылығын, балабақшаға баруға дайындығын анықтау.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымға жаңадан келген ата-аналарға балаларының балабақшаға дайындық деңгейін анықтау мақсатында 12 сұрақтан тұратын сауалнама таратылды, балалардың балабақшаға дайындық деңгейі анықталды. Сауалнама қорытындысы бойынша төмендегідей көрсеткіш көрсетілді:

1. Балаңыздың көңіл - күйі - қандай?

А) Көңілді-64%

Ә) Мазасыз -24%

Б) көңіл - күйі төмен 12%

2. Балаңыз қалай ұйықтайды?

А) тез ұйықтайды 40%

Ә) жай - 16%

Б) тыныш - 20%

Г) тынымсыз - 24%

3. Балаңыз ұйықтату үшін не істейсіз?

Әрекетіңіз:

-Ертегі айтамын -28%

-Ән айтамын-28%

-музыка қосамын-44%

4. Балаңыздың ұйқысы қанша уақыт?

А) 2 сағат -72%

Ә) 1 сағаттан кем емес - 28%

5. Балаңыздың тәбеті қандай?

А) жақсы -60%

Ә) тамақты таңдап жейді - 32%

Б) тамаққа тәбеті төмен - 8%

6. Балаңыздың қандайда бір теріс әрекеті бар ма?

А) емізік сорады, саусаған сорады т. б- 24%

Б) ондай теріс әрекеті жоқ. - 76%

7. Балаңыз түбекке (горшокқа) отырғанда қалай қарайды?

А) өздігінен отырады- 80%

Ә) отырғысы келмей жылайды - 20%

8. Үйдегі жаңа заттарға немесе ойыншықтарға балаңыз назар аудара ма?

А) ия - 60%

Ә) жоқ - 28%

Б) кейде - 12%

9. Балаңыз қалай ойнайды?

А) өзі ойнайды- 72%

Ә) жалғыз өзі ойнамайды -28%

10. Үлкендермен қарым - қатынасы?

- А) тез түседі - 56%
- Ә) таңдап - 32%
- Б) қиын - 12%

11. Балалармен қарым - қатынасы?

- А) тез түседі - 60%
- Ә) таңдап - 12%
- Б) қиын - 28%

12. Балаңыз сіздерден бөлектеніп көрді ме?

- А) ия-28%
- Ә) жоқ-32%
- Б) бөлектенгенде жеңіл көтереді-12%
- Г) қиын-28%

Қорытынды:

Ата-аналардың балаларының балабақшаға дайындығы көрсеткіші жақсы деңгейде. Балалардың көбі балабақшаға жақсы дайындықпен өз жасына сай іс- қимылдарды жасай алатындығын көрсетті.

Ұсыныс:

Балалардың балабақшаға бейімделуін қадағалап, оңай бейімделуге жағдай жасап, ойын- тренгитер ұйымдастыру.

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Ата-аналарға арналған сауалнама
«Тәрбиеші жұмысын қалай бағалайсыз?»

Дайындаған: Омарғалиева Г.Т.

2024-2025 ж

Ата-аналармен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша анықтама

Уақыты: қараша

Тақырыбы: «Тәрбиеші жұмысын қалай бағалайсыз»

Мақсаты: ата-аналардың тәрбиешілермен қарым-қатынасы мен, тәрбиешілерді бағалауын анықтау.

Нұсқау: Төмендегі сауалдарға өзіңізге жақын жауаптарды белгілеңіз.

Қатысқандар: бөбекжай ата-аналары

Жауаптары:

1. Балабақшаның сіздің балаңыздың тәрбиесіне деген көзқарасын қалай бағалайсыз?

А) жоғары - 82%

Ә) төмен - 0%

Б) орташа - 18%

2. Балаңыз келіп жүрген топтың жұмысына өзіңіздің қатысуыңызды қалай бағалайсыз?

А) жоғары - 47%

Ә) төмен - 0%

Б) қанағаттанарлық - 41%

В) бұл туралы ойланған жоқпыз - 12%

Г) жауап беруге қиналамын - 0%

3. Сіздің ойыңызша бала тәрбиесінде бастапқы роль кімге беріледі?

А) отбасына - 47%

Ә) балабақшаға - 18%

Б) отбасы мен балабақшаға - 35%

4. Тәрбиешіге сіз қандай сұрақпен жиі келесіз?

А) қандай да бір қолайсыз жағдайларда (бала ренжісе, ойыншығы сынғанда, шкафы жиналмаса - 35%

Ә) бала тәбеті мен ұқысы жайында - 18%

Б) баланың балабақшадағы көңіл-күйі және тәртібі бойынша - 35%

В) баланың сабақтардағы жетістіктері бойынша - 12%

Г) отбасындағы бала тәрбиесі бойынша кеңес алу үшін - 0%

Г) отбасындағы бала тәрбиесі бойынша жетістіктерімен бөлісу үшін - 0%

5. Қандай сұрақпен тәрбиеші сізге жиі келеді?

А) бала өзін балабақшада нашар ұстады - 0%

Ә) бала нашар тамақтанды немесе нашар ұйықтады (жақсы да болуы мүмкін) - 0%

Б) бала сабаққа нашар қатысты (жақсы) немесе қандайда бір істі істей алмайды (істей алады) - 35%

В) баланың сабақтардағы жетістіктерін жеткізу үшін - 30%

Г) балабақшаға көмек көрсетуді өтініп - 0%

Г) отбасында баланы қалай дұрыс тәрбиелеу керектігі жөнінде кеңес айтып - 0%

Д) берілген кеңестің көмегі жөнінде білу үшін - 35%

6. Бала тәрбиесі бойынша сіз жиі тәрбиешінің көмегіне жүгінесіз бе?

А) жиі - 59%

Ә) аса жиі емес - 12%

6) сирек - 29%

7. Балабақшаның отбасымен жүргізетін жұмыстарының қайсысы сіздің ойыңызша әсерлі?

А) тәрбиешінің отбасына баруы - 0%

Ә) ата-аналар жиналыстары - 41%

Б) ата-аналардың сабақтарға қатысуы және сабақты талдауы - 12%

В) мерекелерге қатысу - 12%

Г) мамандармен жеке әңгімелесу, кеңес алу - 35%

Қорытынды: ата-аналардың өздерінің берген жауаптары бойынша тәрбиешілері мен балабашаны бағалау деңгейлері жоғары. Балаларына дұрыс тәрбие беру мақсатында балабақша тәрбиешілері мен басқа да мамандарымен тығыз байланыста болып, кеңестерін алатындықтарын көрсетті.

Жеке бөбекжай ТОО «Венера»

Ата-аналарға арналған сауалнама
«Балаңызбен қарым-қатынасыңыз қалай?»

Дайындаған: Омаргалиева Г.Т.

2024-2025 ж

Ата-аналармен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша анықтама

Уақыты: желтоқсан

Тақырыбы: «Балаңызбен қарым- қатынасыңыз қалай?»

Мақсаты: Ата-ананың баламен қарым-қатынасын анықтау.

Нұсқау: Төмендегі сауалдарға «иә», «кейде», «жоқ» кестенің біреуін таңдап белгілеңіз.

Қатысқандар: 10 ата-ана

№	Сұрақтар	«иә»	«кейде»	«жоқ»
1	Балаңыздың әңгімесін тыңдайсыз ба?	6 -60%	4- 40%	0%
2	Әңгімелесу барысында қатесін дұрыстайсыз ба?	10 -100%	0%	0%
3	Сөйлесу кезінде балаңыздың бетіне тік қарайсыз ба?	5 - 50%	5- 50%	0%
4	Балаңызбен бірге өтірік болса да күлесіз бе?	7-80%	2-20%	1-10%
5	Балаңызбен ойнайсыз ба?	6 -60%	2-20%	2-20%
6	Балаңызды шектен тыс мақтайсыз ба?	3-30%	3-30%	4-40%
7	Балаңызға уақыт бөлесіз бе?	8 -80%	2-20%	0%
8	Балаңыздың тым болмаса 1-2 кітабы бар ма	7 -70%	0%	3-30%
9	Балаңызбен бірге серуендеп тұрасыз ба?	6 -60%	3-30%	1-10%
10	Балаңызға қызықтырған нәрсенің бәрін түсіндіресіз бе?	5 -50%	5-50%	0%

Сауалнаманың қорытындысы бойынша ата-аналардың барлығы дерлік өз балаларымен тығыз қарым- қатынаста екенін көрсетті. Барлық ата-ана да өз балаларымен сөйлесіп, әңгімелесетіні анықталды. Әңгімелесу барысында баланың қатесін 100% дұрыстайтындығы анықталды.

Ата-аналармен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша анықтама

Уақыты: желтоқсан

Тақырыбы: «Балаңызбен қарым- қатынасыңыз қалай?»

Мақсаты: Ата-ананың баламен қарым-қатынасын анықтау.

Нұсқау: Төмендегі сауалдарға «иә», «кейде», «жоқ» кестенің біреуін таңдап белгілеңіз.

Қатысқандар: 10 ата-ана

№	Сұрақтар	«иә»	«кейде»	«жоқ»
1	Балаңыздың әңгімесін тыңдайсыз ба?	6 -60%	4- 40%	0%
2	Әңгімелесу барысында қатесін дұрыстайсыз ба?	10 -100%	0%	0%
3	Сөйлесу кезінде балаңыздың бетіне тік қарайсыз ба?	5 - 50%	5- 50%	0%
4	Балаңызбен бірге өтірік болса да күлесіз бе?	7-80%	2-20%	1-10%
5	Балаңызбен ойнайсыз ба?	6 -60%	2-20%	2-20%
6	Балаңызды шектен тыс мақтайсыз ба?	3-30%	3-30%	4-40%
7	Балаңызға уақыт бөлесіз бе?	8 -80%	2-20%	0%
8	Балаңыздың тым болмаса 1-2 кітабы бар ма	7 -70%	0%	3-30%
9	Балаңызбен бірге серуендеп тұрасыз ба?	6 -60%	3-30%	1-10%
10	Балаңызға қызықтырған нәрсенің бәрін түсіндіресіз бе?	5 -50%	5-50%	0%

Сауалнаманың қорытындысы бойынша ата-аналардың барлығы дерлік өз балаларымен тығыз қарым- қатынаста екенін көрсетті. Барлық ата-ана да өз балаларымен сөйлесіп, әңгімелесетіні анықталды. Әңгімелесу барысында баланың қатесін 100% дұрыстайтындығы анықталды.

Ата- аналармен сауалнама

«Сіздің ойыңызша, балабақшада балаңызда бәрі сәтті ме?»

Ата-аналармен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша анықтама

Уақыты: ақпан

Тақырыбы: «Сіздің ойыңызша, балабақшада балаңызда бәрі сәтті ме?»

Мақсаты: Баланың балабақшаға бейімділігі мен қатынасын анықтау.

Нұсқау: Төмендегі сауалдарға «+» пікірмен келісу, «-» пікірмен келіспеу. Біреуін тандап белгілеңіз.

Қатысқандар: 14 ата-ана

№	Сұрақтар	«+»	«-»
1	Менің балама балабақшаға келген ұнайды	12-86%	2-14%
2	Менің ойымша балам басқа балабақшаға қуана ауысар еді	0%	14-100%
3	Таңдауға келсе ол үйде отырғысы келмейді	10-71%	4-29%
4	Өкінішке орай, менің балам ешқашан маған немесе туыстарымызға қуанышпен балабақша туралы әңгімелемейді	2-14%	12-86%
5	Топ арасында баламның достары көп	12-86%	2-14%
6	Балама тәрбиеші онша ұнамайды	1-7%	13-93%
7	Балам іс- шараларға, ертеңгіліктерге белсенді қатысады, мұражай, театрға жие барады	11-79%	3-21%
8	Менің баламның балабақшаға бармаған күндері көңіл күйі бұзылмайды	7-50%	7-50%
9	Балам ескертусіз тапсырманы сирек орындайды	3-21%	11-79%
10	Басқа қызығушылықтары мен сүйікті істер оған ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысуға кедергі болмайды	9-64%	5-36%

Сауалнаманың қорытындысы бойынша балабақшаға балаларының барлығына дерлік келген ұнайды- 86% көрсетті. Топта балалардың 86% өзара достық қарым-қатынаста екені анықталды.

Ата-аналарга арналған сауалнама
«Сіздің өміріңізде бала тәрбиесі қандай орынға ие?»

№	Сұрақтар	А) «Мен мұны істей аламын және әрқашан осылай істеймін»	Б) «Иә, бірақ барлық кезде емес»	В) «Жоқ, бұлай істей алмаймын»
1	Кез – келген уақытта жұмысыңызды тастап баланың тәрбиесімен айналыса аласыз ба?	16-84%	3-16%	0%
2	Балаңыздың тәрбиесіне басқа адамдардың араласқанын қалайсыз ба?	17-90%	1-5%	1-5%
3	Бос уақытыңызды балаға, оның тәрбиесіне арнайсыз ба?	12-63%	7-37%	0%
4	Баланыз ашуыңызға тигенде байқамай ұрып жібердіңіз одан кешірім сұрай аласыз ба?	5 -26%	8-42%	6-32%
5	Кез келген жағдайда балаңыздың орнына өзіңізді қоя білесіз бе?	10 -53%	9-47%	0%
6	Балаңыздың өтініші мен жылауына, егер ол еркелік немесе қырсықтық болса қарсы тұра аласыз ба?	7-36%	10-53%	2-11%
7	Жақсы қылығы үшін балаңызға оның тілегін орындайтыныңызға уәде бересіз ба?	12-63%	7-36%	0%
8	Балаңыздың әрекеттеріне еркіндік беріп, тірлігіне ешқандай араласпайтын бір күн бере аласыз ба?	7-36%	10-53%	2-11%
9	Басқа баланы сіздің балаңыз ұрса, негізсіз ренжітсе оны елемей қоя аласыз ба?	0%	4-21%	15-79%
10	Балаңыздың балабақшаға келгенде жыламауы үшін оны мақтайсыз ба?	16-84%	2-11%	1-5%

Сауалнаманың қорытындысы бойынша ата-аналардың барлығы дерлік өз балаларының тәрбиесін басты орынға қоятынын көрсетті.

**«Балабақшаға дайындық»
Ата-аналарға арналған кеңес**



күлшынысы артатындай етіп, оны жағымды арнаға бағыттаңыз.

- Балаға ондағы күн тәртібінің қандай болатынын, олардың немен айналысатынын айтыңыз, себебі бала жұмбақ жағдайларға аттанбауы тиіс және өзін не күтіп тұрғанын білуі керек.
- Баланың көзінше ешқашан балабақша туралы жағымсыз пікір айтпаңыз, және, ең бастысы, оны балабақшамен қорқытпаңыз. («тамағыңды ішпесең, балабақшаға жіберемін»; «мейлі, балабақшада сені тамақ жеуге жақсылап тұрып үйретеді» деген секілді).
- Баланы бастапқыда балабақшаға бірнеше сағатқа әкеліңіз де, кейіннен біртіндеп толық күнге жеткізіңіз. Мұндай біртіндеушілік қағидасы сәби үшін де, оның анасы үшін де анағұрлым жайлы болмақ.
- Баланы балабақшадан алып қайтарда міндетті түрде олардың немен айналысқанын, қандай тамақ ішкендерін сұраңыз, жетістіктері үшін мақтауды да ұмытпаңыз. Бала ата-анасы қасында болмаса да, оларға өз өмірінің қызықты екенін білуі тиіс.
- Баланы таңертең балабақшаға әкелген кезде жылдам қоштасып үйреніңіз, бұл істі көпке созбаған жөн, әйтпеген жағдайда бала сіздің абыржығаныңызды сезіп қояды да, сізден айырылғысы келмей қалады.
- Әрдайым қасында екеніңізді және мейлінше жақсы көретініңізді бала қашықта жүрсе де сезінуі үшін, оның қалтасына шағын ғана естелік зат салып беріңіз, бұл оның көңіліне медеу болады.
- Еш уақытта балаға көрінбей қашып кетуші болмаңыз, өйтетін болсаңыз, ол сізге сенбейтін болады. Қоштасудың өздеріңізге тән әдісін ойлап табыңыздар: беттен сүю немесе мұрындарыңыздың ұшын түйістіру секілді.
- Балабақшаға баруы үшін баланы ешқашан да ойыншықтармен «сатып алуға» тырыспаңыз. Өйтетін болсаңыз, тағы да балабақша туралы жағымсыз пікірін қалыптастырасыз.
- Балаңыз байбалам салған уақытта ешқашан оның ырқына жығылушы болмаңыз. Қайткен жағдайда да балабақшаға баратынын ұқтырыңыз, әйтпесе келесі жолы оның еркеліктерін көтеру сіз үшін қиынға соғатын болады.
- Әрине, әрбір бала өз алдына бір әлем, олардың әрқайсысының ыңғайын таба білу керек, алайда тек сүйіспеншілік, шыдамдылық және парасатты оң ықылас қана балабақшаға баруды сүйікті іске айналдыра алады

Балабақша – баланың «жаңа өмірге» деген алғашқы қадамы, себебі енді анасы тәулігіне 24 сағат бойы қасында болмайды және мұнда оны күткен өзі құралпылас балалардан, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен жаңа ұжым бар. Балабақшаға бейімделу кезеңі әр балада әр алуан сипатта өтеді. Қалай болғанда да, ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қиын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай.

Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана махаббаты мен оның айрықша ықыласына бөлендіре алмайды, себебі тәрбиешілер «екінші ата-ана» әрі орта есеппен 15-25 балаға ортақ. Кез келген ана мұны жақсы түсінеді, әйтсе де баланы өмір бойы жанында ұстау мүмкін емес, өйткені ол өмірдің жаңа сатыларымен танысып, жаңа дағдылар, өмірлік тәжірибе жинақтауы тиіс.

Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаны ұнатуына көмектесетін қарапайым ережелерді басшылыққа алған жөн.

Ата-аналарға бірнеше пайдалы кеңес.

- Балабақшаға берерден шамамен бір ай бұрын сәбиіңізді балабақшамен таныстырыңыз. Жай ғана балабақша аумағында серуендеуге барыңыздар, сонда ол балабақша ғимаратының әсемдігіне тамсанып, онда қайта-қайта баруға ынтасы оянады, мұндайда алғашқы ресми күн де ол үшін мереке іспеттес болмақ.
- Бала жаңаша күн тәртібінен биологиялық тұрғыда қолайсыздық сезінбеуі үшін, бір ай бұрын оны ақырындап балабақшада болатын жаңа тәртіпке үйрете беріңіз. Бұл тамақтануға да қатысты.
- Баланың ұжымға жылдам сіңісуі үшін, оның қарым-қатынас жасауға бейімділікті дамытуына көмектесіңіз, ал бұл балалармен, сондай-ақ ересектермен араласу барысында ғана мүмкін болмақ. Реті келсе, балабақшаға бармай тұрып, болашақ топтастарымен және олардың ата-аналарымен танысқандарыңыз тіптен құптарлық жайт.
- Баланы міндетті түрде дербестікке дағдыландырыңыз, өз жасының деңгейінде өз-өзіне қарай алатын болсын.
- Балаға балабақшаның не үшін керек екенін, сәбилердің онда не үшін баратынын әңгімелеп беріңіз. Әкесі мен анасының жұмысқа, ал балалардың балабақшаға баратынын түсіндіріңіз.
- Анда-санда баламен бірге балабақша маңынан өтуге тырысыңыз, және оған дәл осы балабақшаға баратындарыңыздың қандай жақсы болғанын қуана ескертіңіз. Тобының қандай әсем болатынын, ондағы ойыншықтардың қандай сүйкімді екенін, оның балалармен ойнайтынын айтыңыз.
- Осы қуанышты жаңалықты баланың көзінше достарыңызбен және жақындарыңызбен бөлісіңіз. Сәбиіңіздің балабақшаға қабылданғанына қуанып тұрғаныңызды айтыңыз. Сөйтіп, балабақшамен тезірек танысуға баланың өз

«Кел, танысайық!» психологиялық тренинг
(Ата-аналар жиналысы, 07.10.2022ж)

4.Ойын: «Қай жұп күшті?»

Қазір әркім өзіне серік таңдайды, шарды алып, көңілді музыкаға билеп, шарды жарады. Шардың ішінен тапсырмалар, жақсы тілектер алып шығып, қалған ойыншыларға дауыстап оқып беру керек. Әр жұп кезектесіп белгіленген уақыттан белгіленген жерге дейін бір-бірін құшақтап шарды жарады, ішіндегі тапсырмаларды орындайды.

5.«Тілек айту» Қорытындылау.

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

Психолог: «Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үнілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан бір-бірімізге тілек айтып қорытындылайық.

Ата-аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімізді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!